



Пайдаланушы нұсқаулығы



HP Neverstop Laser MFP 1200 series

Авторлық құқық пен лицензия

© Copyright 2020 HP Development Company, L.P.

Авторлық құқық туралы заңдарда рұқсат етілетіннен басқа жағдайда жазбаша рұқсатсыз көшірмеуге, өңдеуге немесе аударуға тыйым салынады.

Осы жерде қамтылған мәліметтер ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

HP өнімдері мен қызметтеріне арналған жалғыз кепілдік – осындай өнімдермен және қызметтермен бірге берілетін тікелей кепілдіктер. Осы құжаттағы басқа еш нәрсе кепілдік деп қаралмайды. HP компаниясы осы жерде кездескен техникалық немесе өңдеу қателері не жетіспеушіліктері үшін жауапты болмайды.

Сауда белгісі туралы мәліметтер

Apple және Apple логотипі – АҚШ және басқа да елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгілері.

OS X – АҚШ және басқа да елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгісі.

AirPrint – АҚШ және басқа да елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгісі.

iPhone – АҚШ және басқа да елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгісі.

Microsoft® және Windows® – Microsoft Corporation корпорациясының АҚШ мемлекетінде тіркелген сауда белгілері.

Amazon, Kindle және барлық байланысты логотиптері – Amazon.com, Inc. немесе оның еншілес компанияларының сауда белгілері.

Wi-Fi және Wi-Fi Direct – Wi-Fi Alliance компаниясының тіркелген сауда белгілері. (Толық деректерді <https://www.wi-fi.org/who-we-are/our-brands> қараңыз.)

Мазмұны

1 Жұмысқа кірісу	1
Принтер көріністері	2
Принтердің алдынан көрінісі	2
Принтердің артынан көрінісі	2
Басқару тақтасының мүмкіндіктері	3
Негізгі үлгілер	3
Сымсыз үлгілер	5
Басқару тақтасы дисплейінің мүмкіндіктері	8
Басып шығару, көшіру, сканерлеу және ақауларды жою үшін HP Smart қолданбасын пайдаланыңыз	10
2 Принтерді жалғау	11
Маршрутизатор арқылы сымсыз байланыс желісіне қосу	12
Принтерді Wi-Fi Protected Setup (WPS) арқылы сымсыз байланыс желісіне қосу	12
Принтерді HP принтер бағдарламалық құралы арқылы сымсыз желіге қосу	12
Маршрутизаторсыз сымсыз байланыс арқылы қосу	13
Сымсыз қосылым параметрлері	16
Сымды (Ethernet) желіге қосылу	17
3 Принтерді конфигурациялау	19
HP ендірілген веб-сервері (EWS) және HP Device Toolbox (Windows) арқылы принтерді конфигурациялау	20
Ендірілген веб-серверге (EWS) қол жеткізу және оны пайдалану	20
Бағдарламалық құралдан (Windows 7) HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашу	20
Веб-шолғыштан HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашу	21
Wi-Fi Direct қосылымын пайдаланған кезде HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашу	21
Ендірілген веб-сервер бойынша шарлау	21
IP желі параметрлерін реттеу	23
Желі параметрлерін қарау немесе өзгерту	23
Желідегі принтердің атын өзгертіңіз	23
IPv4 TCP/IP параметрлерін қолмен конфигурациялау	23

HP ендірілген вер-серверін қолданып жүйе құпиясөзін тағайындау немесе өзгерту	24
Энергияны үнемдеу параметрлерін өзгерту	24
Әрекетсіздіктен кейін ұйқы/автоматты түрде өшіру параметрін орнату	24
Әрекетсіздіктен кейін өшіруді кешіктіру параметрін орнату және принтерді 1 ватт немесе аз қуатты пайдалану үшін конфигурациялау	25
Өшіруді кешіктіру параметрін орнату	25
Шағын бағдарламаны жаңарту	27
Шағын бағдарламаны жаңарту қызметін пайдаланып шағын бағдарламаны жаңарту	27
Принтер қосылымы түрін өзгерту (Windows 7)	28
4 Медиа құралын салу	29
Басқа қағаз өлшемдері үшін кіріс науаны конфигурациялаңыз	29
Қағаз салу	32
Хатқалталарды салу және басып шығару	34
Жапсырмаларды салу және басып шығару	36
5 Басып шығару	39
Windows компьютері арқылы басып шығару	40
Қағаз түрін таңдау (Windows)	40
Екі жаққа қолмен басып шығару (Windows)	41
Бір параққа бірнеше бетті басып шығару (Windows)	42
Mac компьютері арқылы басып шығару	43
Мобильді құрылғылардан басып шығару	44
6 Көшіру	45
Көшірме жасау	46
Жеке куәлікті көшіру	47
7 Scan (Сканерлеу)	49
HP Smart қолданбасын қолданып сканерлеу	50
Windows компьютерінен сканерлеу үшін HP Smart қолданбасын пайдалану	50
Mac OS компьютерінен сканерлеу үшін HP Smart қолданбасын пайдалану	50
HP сканерлеу бағдарламалық құралын пайдалану арқылы сканерлеу (Windows 7)	51
8 Тонерді, медиа құралдарын және бөлшектерін басқару	53
Тонер деңгейін тексеру	54
Тонерді қайта жүктеу	55
Барабанды ауыстыру	58
Жабдықтарға, медиа құралдарына және бөлшектеріне тапсырыс беру	61

9 Ақауларды шешу	63
НР қолдау қызметі	64
НР қолдау қызметімен хабарласу	64
Принтерді тіркеу	64
Қосымша кепілдік параметрлері	64
Қосымша ақпарат	65
Басқару тақтасындағы шам үлгілерін түсіндіру	66
Зауытта орнатылған әдепкі параметрлерді бастапқы қалпына келтіру	70
Принтер қағазды алмайды немесе дұрыс берілмейді	71
Кіріспе	71
Өнім қағазды алмайды	71
Өнім бірнеше қағаз парағын алады	71
Қағаз кептелістерін жою	72
Кіріспе	72
Кептеліс орындары	72
Жиі немесе қайталанатын қағаз кептелістері	73
Кіріс науасындағы қағаз кептелістерін тазалау	74
Өнім ішіндегі кептелістерді тазалау	76
Шығыс аймақтарынан кептелістерді тазалау	78
Басып шығару сапасын жақсарту	79
Кіріспе	79
Құжатты қайта басып шығару	79
Тонер деңгейін тексеру	79
Принтердің шағын бағдарламасын жаңарту	79
Әртүрлі бағдарламалық құралдан басып шығару	79
Баспа тапсырмасының қағаз түрін және баспа сапасының параметрлерін тексеру	79
Принтерге жүктелген қағаз түрін тексеру	80
Қағаз түрі мен баспа сапасының параметрлерін тексеру (Windows)	80
Қағаз түрі мен баспа сапасының параметрлерін тексеру (OS X)	80
Барабанды көзбен тексеріп шығу	81
Қағазды және басып шығару ортасын тексеру	81
Бірінші қадам: НР техникалық сипаттамаларына сай келетін қағазды пайдалану	81
Екінші қадам: Қоршаған ортаны тексеру	81
Басып шығару тығыздығын реттеу	82
Басып шығару сапасының ақауларын шешу	83
Кескінді көшірмелеу және сканерлеу сапасын жақсарту	88
Кіріспе	88
Сканер әйнегінде кір мен дақтардың жоғын тексеріңіз	88
Қағаз параметрлерін тексеру	88
Мәтін немесе суреттер үшін оңтайландыру	89

Жақтаусыз көшіру	89
Сымсыз желі ақауларын шешу	90
Кіріспе	90
Сымсыз қосылымды тексеру тізімі	90
Сымсыз желіні диагностикалау сынағын орындау	91
Сымсыз конфигурация аяқталғаннан кейін принтер басып шығармайды	92
Принтер басып шығармайды және компьютерде үшінші тараптың желіаралық қалқаны орнатылған	92
Сымсыз қосылым сымсыз маршрутизаторды немесе принтерді қозғалтқан соң жұмыс істемейді	92
Сымсыз принтерге қосымша құрылғылар қосылмайды (Wi-Fi Direct)	92
Сымсыз принтер VPN кодына қосылған кезде байланысты жоғалтады	93
Желі сымсыз желілер тізімінде көрсетілмейді	93
Сымсыз желі жұмыс істемейді	93
Сымсыз желідегі кедергіні азайту	94
Ethernet байланыс мәселелерін шешу	95

қосымшасы а Принтердің техникалық сипаттамалары 97

Техникалық сипаттамалар	98
Қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер	99
Принтердің өлшемдері	101
Электр қуатын тұтыну, электрлік сипаттамалары және акустикалық шығарылатын дыбыстар	102
Жұмыс істейтін қоршаған орта ауқымы	103
Ескерту белгішелері	104
Лазер туралы ескерту	105

қосымшасы ә Қызмет пен қолдау көрсету 107

HP принтері үшін шектеулі кепілдік мәлімдемесі	108
Ұлыбритания, Ирландия және Мальта	110
Австрия, Белгия, Германия және Люксембург	110
Белгия, Франция және Люксембург	111
Италия	112
Испания	112
Дания	113
Норвегия	113
Швеция	113
Португалия	114
Греция және Кипр	114
Венгрия	114
Чех Республикасы	115
Словакия	115

Польша	115
Болгария	116
Румыния	116
Бельгия және Нидерланды	116
Финляндия	117
Словения	117
Хорватия	117
Латвия	117
Литва	118
Эстония	118
Ресей	118
HP компаниясының жоғары дәрежелі қорғау кепілдігі: Neverstop Тонерді қайта жүктеу жинағы және HP лазерлік барабаны шектеулі кепілдік мәлімдемесі	119
HP шығармаған жабдықтарға қатысты HP саясаты	120
HP компаниясының жалған өніммен күрес веб-сайты	121
HP тонерді қайта жүктеу жинағы және HP лазерлік барабаны өнімдерінде сақталған деректер	122
Соңғы пайдаланушымен лицензиялық келісім	123
Тұтынушының өзі жөндеуіне берілетін кепілдік қызметі	129
Тұтынушыларды қолдау	130
қосымшасы 6 Өнімнің қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы	131
Қоршаған ортаны қорғау	133
Озон шығару	133
Қуатты тұтыну	133
Қағаз қолдану	134
Пластмассалар	134
HP Neverstop басып шығару жабдықтары	134
Қағаз	134
Материалға шектеулер	134
Батарея туралы ақпарат	135
Пайдаланушылар тарапынан қалдық жабдықты тастау (ЕО және Үндістан)	136
Электрондық аппараттық құралды өңдеу	136
Аппараттық құралды қайта өңдеу ақпараты (Бразилия)	137
Химиялық заттар	137
Еуропалық Одақ комиссиясының 1275/2008 ережесіне сәйкес өнім қуатының деректері	137
SEPA экологиялық таңба пайдаланушы ақпараты (Қытай)	138
Принтер, факс және көшіру құралы үшін China Energy Label (Қытайдағы өнімдердің қуатты тұтыну туралы жапсырмасы) нормасын енгізу	138
Зиянды заттарға қатысты шектеулер мәлімдемесі (Үндістан)	138
WEEE (Түркия)	138
Зиянды заттадың/элементтердің және олардың құрамының кестесі (Қытай)	139

Материалдардың қауіпсіздігі туралы деректер парағы (MSDS)	139
ЕРЕАТ	140
Шектелген заттардың белгіленуінің бар екені туралы шарттың декларациясы (Тайвань)	141
Қосымша ақпарат алу үшін	143

қосымшасы в Заңды ақпарат **145**

Нормативтік мәлімдемелер	146
Еуропа одағына арналған заңды хабарлама	146
Заңды үлгіні сәйкестендіру нөмірі	146
FCC ережелері	146
Канада - Канада өнеркәсібіндегі ICES-003 Сәйкестік мәлімдемесі	147
Қуат сымы туралы нұсқаулар	147
Лазерді пайдалану қауіпсіздігі	147
Финляндияға арналған лазер мәлімдеме	147
Скандинавия елдері мәлімдемелер (Дания, Финляндия, Норвегия, Швеция)	148
Еуразиялық нормаларға сәйкестік (Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей)	148
Производитель и дата производства	148
Өндіруші және өндіру мерзімі	148
Местные представители	149
Жергілікті өкілдіктері	149
Сымсыз желі туралы мәлімдемелер	150
FCC сәйкестік мәлімдемесі—Америка Құрама Штаттары	150
Бразилия ANATEL мәлімдемесі	150
Канадаға арналған мәлімдемелер	150
Канададағы 5 ГГц операциялық өнімділігі бар өнімдер	150
Радиожиілікте сәуле шығарудың әсері (Канада)	151
Еуропа одағына арналған заңды хабарлама	151
Ресейде пайдалануға арналған ескертпе	151
Мексика мәлімдемесі	151
ICTQC түріндегі мақұлданған өнімдер үшін Vietnam Telecom компаниясының сымды/ сымсыз байланыс белгісі	151

Индекс **153**


1 Жұмысқа кірісу

- [Принтер көріністері](#)
- [Басқару тақтасының мүмкіндіктері](#)
- [Басқару тақтасы дисплейінің мүмкіндіктері](#)
- [Басып шығару, көшіру, сканерлеу және ақауларды жою үшін HP Smart қолданбасын пайдаланыңыз](#)

Принтер көріністері


- [Принтердің алдынан көрінісі](#)
- [Принтердің артынан көрінісі](#)

Принтердің алдынан көрінісі



1	Басқару тақтасы
2	Планшеттік сканер
3	Қайта жүктеу порты
4	Қайта жүктеу күйінің шамы
5	Тонер деңгейінің индикаторы
6	Кіріс науасы
7	Шығыс науасын ұзартқыш
8	Саусақ саңылауы
9	Шығыс науасы


Принтердің артынан көрінісі


















1	Ethernet желісінің порты (тек Ethernet үлгілері үшін)
2	USB интерфейс порты
3	Қуат желісіне қосылым

Басқару тақтасының мүмкіндіктері


Негізгі үлгілер


















1	Қағаз шамы 	Басып шығару және көшіру жұмысын бастағанда, қағаз салатын науада қағаз болмаса, Қағаз шамы жыпылықтайды. Қағазға қатысты қате шыққанда, шам тұрақты жанып тұрады.
2	Назар аударыңыз шамы 	Назар аударыңыз шамы, принтер пайдаланушы назарын талап кеткен кезде, жыпылықтайды. Назар аударыңыз шамы үздіксіз қосылып тұрса, қызмет көрсету қатесі орын алған.
3	Барабан шамы 	Осы шам қосулы (үздіксіз) болған кезде, ол барабанның қызмет көрсету мерзімінің соңына жеткенін, ал бір уақытта назар аударыңыз шамы жыпылықтап тұрса, ол барабанда ақау бар екенін білдіреді. Барабан шамы жыпылықтап тұрса, басып шығаруды жалғастыру үшін барабанды ауыстыру керек.
4	Қақпағы ашық шамы 	Бұл шам қақпақты ашу және екінші жағын көшіру үшін түпнұсқаны аудару жөнінде ескерту мақсатында жеке куәлікті көшіру кезінде жыпылықтайды.
5	Басқару тақтасының дисплейі	Көшіру режимінде дисплей таңдалған көшірмелер санын (мысалда көрсетілгендей), контраст параметрін және масштабтау факторын көрсетеді. Жеке куәлікті көшіру режимінде дисплей орындалатын әреттер туралы ескертеді. Басқа режимдерде дисплей қате кодтары мен басқа ескертулерді көрсетеді.




6	Menu (Мәзір) түймелері	Menu (Мәзір) түймесін (3 нүкте) және жоғары және төмен көрсеткілерді төмендегі түрде пайдаланыңыз:
<ol style="list-style-type: none"> 1. Мәзір түймесін ●●● басып, бірінші мәзір опциясы – Көшірмелер саны  опциясын көрсетіңіз. 2. Басып шығарылатын көшірмелердің санын реттеу үшін  жоғары және төмен көрсеткілерді пайдаланыңыз. 3. Мәзір түймесін ●●● басып, келесі опция – Контраст параметрі  опциясына өтіңіз. 4. Контрасты реттеу үшін  жоғары және төмен көрсеткілерді пайдаланыңыз. 5. Мәзір түймесін ●●● басып, келесі Кішірейту/Үлкейту параметрі  опциясына өтіңіз. 6. Өлшемін реттеу үшін  жоғары және төмен көрсеткілерді пайдаланыңыз. 7. Параметрлерді сақтап, мәзірден шығу үшін Мәзір түймесін ●●● басыңыз. 		
7	Куәлік көшірмесі түймесі 	<p>Екі жақты жеке куәлікті немесе соған ұқсас құжатты көшіру әрекетін бастау үшін осы түймені басыңыз.</p> <p>Бірінші жағын көшіру үшін ескертулерді орындаған соң, қақпағын ашып, куәлікті аударыңыз да, екінші жағын көшіріңіз.</p>
8	Сору (Көшіру) түймесі 	Тапсырманы көшіруді бастау үшін осы түймені басыңыз.
9	Resume (Жалғастыру) түймесі 	<p>Келесі әрекеттерді орындау үшін осы түймені басыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Принтер Жалғастыру шамы қосулы кезде, қате немесе ескерту күйінде болса, қатені жою және басып шығаруды жалғастыру үшін түймені басыңыз. • Қолмен екі жақты басып шығару кезінде құжаттың екінші жағын басып шығару үшін осы түймені басыңыз. • Жеке куәлікті көшіру режимінде жеке куәліктің артқы жағын сканерлеу үшін осы түймені басыңыз. • Конфигурация бетін басып шығару үшін осы түймені 3 секундқа басып тұрыңыз.
10	Cancel (Бас тарту) түймесі 	Ағымдағы тапсырманы тоқтату немесе одан бас тарту үшін осы түймені басыңыз.
11	Power (Қуат) түймесі/Дайын шамы 	<p>Принтерді қосу немесе өшіру үшін осы түймені басыңыз. Кез келген белсенді тапсырмалардан бас тартылады.</p> <p>Принтер басып шығаруға дайын болған кезде, Дайын шамы қосулы болады. Ол принтерге басып шығарылатын деректер жіберіліп жатқанда жыпылықтап тұрады, ал принтер Ұйқы режимінде болғанда, сөніп қалады.</p>

Сымсыз үлгілер




1	Қағаз шамы 	Қағаз шамы, кіріс науасында қағаз таусылған кезде, жыпылықтайды және, қағазбен қате орын алған кезде, қосылады (үздіксіз).
2	Назар аударыңыз шамы 	Назар аударыңыз шамы, принтер пайдаланушы назарын талап кеткен кезде, жыпылықтайды. Назар аударыңыз шамы үздіксіз қосылып тұрса, қызмет көрсету қатесі орын алған.
3	Барабан шамы 	Осы шам қосулы (үздіксіз) болған кезде, ол барабанның қызмет көрсету мерзімінің соңына жеткенін, ал бір уақытта назар аударыңыз шамы жыпылықтап тұрса, ол барабанда ақау бар екенін білдіреді. Барабан шамы жыпылықтап тұрса, басып шығаруды жалғастыру үшін барабанды ауыстыру керек.
4	Қақпағы ашық шамы 	Бұл шам қақпақты ашу және екінші жағын көшіру үшін түпнұсқаны аудару жөнінде ескерту мақсатында жеке куәлікті көшіру кезінде жыпылықтайды.
5	Басқару тақтасының дисплейі	Көшіру режимінде дисплей таңдалған көшірмелер санын (мысалда көрсетілгендей), контраст параметрін және масштабтау факторын көрсетеді. Жеке куәлікті көшіру режимінде дисплей орындалатын әреттер туралы ескертеді. Басқа режимдерде дисплей қате кодтары мен басқа ескертулерді көрсетеді.

6	Menu (Мәзір) түймелері	<p>Мәзір түймесі ●●● мен жоғары және төмен көрсеткілерді  былай қолдану керек:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәзір түймесін ●●● басып, бірінші мәзір опциясы – Көшірмелер саны  опциясын көрсетіңіз. 2. Басып шығарылатын көшірмелердің санын реттеу үшін  жоғары және төмен көрсеткілерді пайдаланыңыз. 3. Мәзір түймесін ●●● басып, келесі опция – Контраст параметрі  опциясына өтіңіз. 4. Контрасты реттеу үшін  жоғары және төмен көрсеткілерді пайдаланыңыз. 5. Мәзір түймесін ●●● басып, келесі Кішірейту/Үлкейту параметрі  опциясына өтіңіз. 6. Өлшемін реттеу үшін  жоғары және төмен көрсеткілерді пайдаланыңыз. 7. Параметрлерді сақтап, мәзірден шығу үшін Мәзір түймесін ●●● басыңыз.
7	Куәлік көшірмесі түймесі 	<p>Екі жақты жеке куәлікті немесе соған ұқсас құжатты көшіру әрекетін бастау үшін ID Сору (Жеке куәлікті көшіру) түймесін басыңыз.</p> <p>Бірінші жағын көшіру үшін ескертулерді орындаған соң, қақпағын ашып, куәлікті аударыңыз да, екінші жағын көшіріңіз.</p>
8	Сору (Көшіру) түймесі 	<p>Тапсырманы көшіруді бастау үшін осы түймені басыңыз.</p>
9	Resume (Жалғастыру) түймесі 	<p>Келесі әрекеттерді орындау үшін осы түймені басыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Принтер Жалғастыру шамы қосулы кезде, қате немесе ескерту күйінде болса, қатені жою және басып шығаруды жалғастыру үшін түймені басыңыз. • Қолмен екі жақты басып шығару кезінде құжаттың екінші жағын басып шығару үшін осы түймені басыңыз. • Жеке куәлікті көшіру режимінде жеке куәліктің артқы жағын сканерлеу үшін осы түймені басыңыз. • Конфигурация бетін басып шығару үшін осы түймені 3 секундқа басып тұрыңыз.
10	Cancel (Бас тарту) түймесі 	<p>Ағымдағы тапсырманы тоқтату немесе одан бас тарту үшін осы түймені басыңыз.</p>
11	Wi-Fi Direct түймесі	<p>Wi-Fi Direct мүмкіндігін қосу немесе өшіру үшін осы түймені басыңыз. Ол жыпылықтап тұратын болса, Wi-Fi Direct қосылымын аяқтау үшін осы түймені басыңыз.</p>


12 Сымсыз байланыс түймесі және шамы 	Сымсыз байланыс мүмкіндігін қосу немесе өшіру үшін осы түймені басыңыз. WPS қосылымын конфигурациялау үшін осы түймені басып тұрыңыз.
	Wireless (Сымсыз) түймесінің шамы  үздіксіз көк түсте жанып тұрса, тұрақты сымсыз қосылым орнатылды. Көк түсте жыпылықтайтын болса, принтер сымсыз қосылымды орнату режимінде болуы немесе WPS конфигурациясы орындалып жатқан болуы мүмкін. Шам сарғылт түсте жанатын болса, принтердің сымсыз желіге қосыла алмауы немесе онда WPS қатесі орын алған болуы мүмкін.
13 Power (Қуат) түймесі/Дайын шамы 	Принтерді қосу немесе өшіру үшін осы түймені басыңыз. Кез келген белсенді тапсырмалардан бас тартылады. Принтер басып шығаруға дайын болған кезде, Дайын шамы қосулы болады. Принтер басып шығару деректерін алған кезде ол жыпылықтайды және принтер төмен қуат күйінде болған кезде күңгірттенеді.


Басқару тақтасы дисплейінің мүмкіндіктері

Басқару тақтасы дисплейінің көрінісі принтер қосулы кезде режимге байланысты ауысады. Үш жалпы дисплей режимдері төменде көрсетілген.




Сору режимі (Көшіру)

Дисплейде Көшірмелер саны  белгішесі және таңдалған көшірмелер саны пайда болады.




Contrast (Контраст) режимі


Дисплейде Жарық/Қараңғы белгішесі  және ағымдағы параметр көрсетіледі.




Scale (Масштабтау) режимі

Дисплейде Кішірейту/Үлкейту белгішесі  және қазіргі шкала (түпнұсқа өлшемінің пайызы ретінде) көрсетіледі.

Басқару тақтасы дисплейінің элементтері төменде берілген.




1 Wi-Fi сигнал күші индикаторы  Wi-Fi сигнал күшінің индикаторы принтер қосылған желінің сымсыз сигнал күшін көрсетеді.
(тек сымсыз үлгілер үшін)

2 Wi-Fi Direct белгішесі  (тек сымсыз үлгілер үшін) Wi-Fi Direct белгішесі Wi-Fi Direct қосулы екенін көрсетеді.



Таңба дисплейі

Ағымдағы режимге байланысты таңбалар мыналарды көрсетеді:

- басып шығарылатын көшірмелер саны;
- көшіру параметрлері (контраст пен кішірейту/үлкейту параметрі);
- құрылғының бос еместігін көрсететін анимация;
- қате және күй кодтары.

3 Кішірейту/Үлкейту (масштаб) белгішесі 

Көрсетілгенде, таңбалық көрсету ағымдағы масштабтау коэффициентін (пайызбен) көрсетеді.

4	Ашықтау/Күңгірттеу (контраст) белгішесі 	Көрсетілгенде, таңбалық дисплей контраст параметрін (штрих сызық ретінде) көрсетеді.
5	Көшірмелер саны белгішесі 	Көрсетілгенде, таңбалық дисплей басып шығару үшін таңдалған көшірмелер санын көрсетеді.

Басып шығару, көшіру, сканерлеу және ақауларды жою үшін HP Smart қолданбасын пайдаланыңыз

HP Smart қолданбасы HP принтеріңізді реттеуге, көшіруге, сканерлеуге, басып шығаруға, бөлісуге және басқаруға көмектеседі. Құжаттар мен кескіндерді электрондық пошта, мәтіндік хабарлар және танымал бұлт және әлеуметтік желі қызметтері (мысалы, iCloud, Google Drive, Dropbox және Facebook) арқылы бөлісуге болады. Сонымен қатар жаңа HP принтерлерін орнатуға, сондай-ақ шығын материалдарын бақылауға және оларға тапсырыс беруге болады.

HP смарт қолданбасы келесі мобильді құрылғы мен компьютер операциялық жүйелерімен үйлесімді:

- iOS;
- Android;
- Windows 10;
- Mac OS X 10.11 немесе соңғы нұсқасы.



ЕСКЕРТПЕ: HP Smart қолданбасы барлық тілдерде қолжетімді болмауы мүмкін. Кейбір мүмкіндіктер принтердің барлық үлгілерінде қолданылмауы мүмкін.

HP Smart қолданбасын орнату

- ▲ Құрылғыңызға қолданбаны орнату үшін 123.hp.com сайтына өтіп, құрылғының қолданбалар қоймасына өту үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

HP Smart қолданбасын Windows 10 компьютерінде ашу

- ▲ HP Smart қолданбасын орнатқан соң, құрылғының жұмыс үстелінен **Start** (Бастау) түймесін басып, қолданбалар тізімінен **HP Smart** параметрін таңдаңыз.

Принтерге жалғау

- ▲ Құрылғыңыздың принтермен бірдей желіге қосылғанын тексеріңіз. Содан кейін HP Smart принтерді автоматты түрде анықтайды.

HP Smart қолданбасы туралы қосымша ақпарат алу

Басып шығару, көшіру, сканерлеу, принтер мүмкіндіктеріне қол жеткізу және ақауларды жою үшін HP Smart қолданбасын пайдалану туралы қосымша ақпаратты келесі сайттардан алыңыз:

- **iOS/Android:** www.hp.com/go/hpsmart-help
- **Windows 10:** www.hp.com/go/hpsmartwin-help
- **Mac:** <http://www.hp.com/go/hpsmartmac-help>

2 Принтерді жалғау

- [Маршрутизатор арқылы сымсыз байланыс желісіне қосу](#)
- [Сымсыз қосылым параметрлері](#)
- [Сымды \(Ethernet\) желіге қосылу](#)

Принтерді жалғау және қосылым мәселелері туралы ақауларды жою бойынша ең соңғы ақпаратты HP қолдау сайттарынан онлайн режимінде алуға болады. Мысалы, ол жерден келесі тақырыптарды табуға болады:

- Желіні және принтерді сымсыз басып шығаруға теңшеу туралы қосымша мәліметтер. [Толық ақпарат алу үшін осы жерді басыңыз.](#)
- Желінің қауіпсіздік параметрлерін қалай табу керектігін үйреніңіз. [Қосымша ақпарат алу үшін желіге өту мақсатында осы жерді басыңыз.](#)
- HP Print and Scan Doctor құралы туралы қосымша ақпарат алыңыз. [Толық ақпарат алу үшін осы жерді басыңыз.](#)




ЕСКЕРТПЕ: Бұл қызметтік бағдарлама тек Windows операциялық жүйесінде қолданылады.

- Компьютеріңіз бен принтеріңіздің қосылуына және мәселенің шешімін табуға брандмауэр немесе антивирустық бағдарлама кедергі келтіріп тұрғанын анықтау үшін [HP онлайн брандмауэр ақауларын түзеткіш](#) опциясын пайдаланыңыз.

Маршрутизатор арқылы сымсыз байланыс желісіне қосу


 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл бөлім тек сымсыз принтер үлгілеріне қолданылады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл бөлімді жалғастырмас бұрын, принтеріңіз компьютерге USB немесе Ethernet кабелі арқылы жалғанып тұрғанына көз жеткізіңіз. -

Принтерді Wi-Fi Protected Setup (WPS) арқылы сымсыз байланыс желісіне қосу

Принтерді WPS арқылы сымсыз байланыс желісіне қоспас бұрын келесілердің болуын тексеріңіз:


- WPS қосылған сымсыз маршрутизатор немесе кіру нүктесін қамтитын сымсыз 802.11 b/g/n желісі.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Принтер 2,4 Гц пайдаланатын байланыстарды ғана қолдайды.

- Принтерді жалғағыңыз келетін сымсыз желіге қосылған компьютер. Компьютерге HP принтерінің бағдарламалық құралы орнатылғанын тексеріңіз.

Егер WPS басу түймесі бар Wi-Fi Protected Setup (WPS) маршрутизаторы бар болса, **Басу түймесі әдісін** орындаңыз.

Басу түймесін конфигурациялау (PBC) әдісін пайдалану


1. WPS түймесінің әдісін іске қосу үшін Сымсыз байланыс түймесін  кемінде үш секунд басып тұрыңыз.
2. Маршрутизатордағы WPS түймесін басыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Құрылғы сымсыз байланыс орнатылғанша шамамен екі минутқа таймерді бастайды.

Принтерді HP принтер бағдарламалық құралы арқылы сымсыз желіге қосу

Принтерді біріктірілген сымсыз WLAN 802.11 желісіне қосу үшін сізге мыналар керек:

- Сымсыз маршрутизаторды немесе кіру нүктесін қамтитын сымсыз 802.11 b/g/n желісі.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Принтер 2,4 Гц пайдаланатын байланыстарды ғана қолдайды.

- Принтерді жалғағыңыз келетін сымсыз желіге қосылған компьютер.
- Желі атауы (SSID).
- WEP түймесі немесе WPA құпиясөз тіркесімі (қажет болса).


Принтерді HP принтері бағдарламалық құралы арқылы қосу

1. HP принтері бағдарламалық құралы орнатылғандығына байланысты келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:


Компьютеріңізде HP принтері бағдарламалық құралы орнатылмаған болса


- a. Принтер бағдарламалық құралын жүктеп алу және орнату үшін www.support.hp.com сайтына өтіңіз.
- ә. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Компьютерге орнатылған HP принтері бағдарламалық құралы болса

- a. Принтердің бағдарламалық құралын ашыңыз.
 - ә. принтер бағдарламалық құралы параметрінде **Tools** (Құралдар) түймесін басыңыз.
 - б. **Device Setup & Software** (Құрылғыны орнату және бағдарламалық құрал) түймесін басыңыз.
 - в. **Connect a new device** (Жаңа құрылғыны қосу) түймесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
2. Принтер сәтті қосылған соң, Wireless (Смсыз) түймесі  көк түсте жанады.

Маршрутизаторсыз сымсыз байланыс арқылы қосу

 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл бөлім тек сымсыз принтер үлгілеріне қолданылады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл бөлімді жалғастырмас бұрын, принтеріңіз компьютерге USB немесе Ethernet кабелі арқылы жалғанып тұрғанына көз жеткізіңіз.


Бұрыннан бар сымсыз желіге қосылмай-ақ, Wi-Fi Direct арқылы компьютерден, смартфоннан, планшеттен немесе сымсыз жұмыс істейтін құрылғыдан сымсыз түрде басып шығара аласыз.


Wi-Fi Direct құрылғысын пайдалану нұсқаулықтары

- Компьютеріңіздің немесе мобильді құрылғыңыздың қажетті бағдарламалық құралы бар екенін тексеріңіз.
 - Егер компьютерді қолданып жатқан болсаңыз, HP принтер бағдарламалық құралы орнатылғанын тексеріңіз.


Егер HP принтерінің бағдарламалық құралы компьютерге орнатылмаған болса, алдымен Wi-Fi Direct байланысын қосып, принтердің бағдарламалық құралын орнатыңыз. Принтердің бағдарламалық құралы байланыс түрін сұраған кезде, **Сымсыз** параметрін таңдаңыз.
 - Егер мобильді құрылғыны пайдаланып жатқан болсаңыз, үйлесімді басып шығару бағдарламасын орнатқаныңызды тексеріңіз. Қосымша ақпарат алу үшін www.hp.com/go/mobileprinting HP мобильді басып шығару веб-сайтына кіріңіз. Осы веб-сайттың жергілікті нұсқасы еліңізде/аймағыңызда немесе тіліңізде қолжетімді болмаса, басқа елдегі/аймақтағы немесе тілдегі HP мобильді басып шығару веб-сайтына бағытталуыңыз мүмкін.
- Принтердің Wi-Fi Direct параметрі қосылғандығын тексеріңіз.
- Барлығы бес компьютер мен мобильді құрылғы бірдей Wi-Fi Direct байланысын пайдалана алады.
- Принтер желіге сымсыз байланыс арқылы немесе онсыз қосылғанына қарамастан, Wi-Fi Direct пайдалануға болады.
- Wi-Fi Direct интернетке компьютерді, мобильді құрылғыны немесе принтерді қоса алмайды.
- Wi-Fi Direct қосылымын орнату туралы қосымша ақпаратты алу үшін www.hp.com/go/wpc-wirelessdirect сайтына өтіңіз.

Басқару тақтасынан Wi-Fi Direct қосу немесе өшіру


- ▲ Принтердің басқару тақтасында Wi-Fi Direct түймесін  басыңыз.

Wi-Fi Direct қосылып тұрғанда, Wi-Fi Direct түймесі  тұрақты ақ түсте жанады.


Wi-Fi Direct қосылымының қауіпсіздік параметрі

- Егер принтер үшін Wi-Fi Direct қосылымының қауіпсіздігі **Automatic** (Автоматты) болса, Wi-Fi Direct құпиясөзі 12345678 мәніне орнатылады және оны өзгерту мүмкін емес.
- Егер принтер үшін Wi-Fi Direct қосылымының қауіпсіздігі **Manual** (Қолмен) болса, мобильді құрылғыда немесе компьютерде принтерге қосылу үшін келесі әрекеттердің бірін орындаңыз.
 - Wi-Fi Direct түймесі  жыпылықтап тұрса, оны басыңыз.
 - Принтер PIN коды бар бетті басып шығарса, құрылғыға қосылуды аяқтау үшін PIN кодын пайдаланыңыз.

КЕҢЕС:

- Ендірілген веб-серверден (EWS) Wi-Fi Direct қосуға немесе Wi-Fi Direct қосылымының қауіпсіздік параметрін өзгертуге болады.
- Wi-Fi Direct аты мен құпиясөзін табу үшін конфигурациялау есебін басып шығару мақсатында принтерде Жалғастыру түймесін  3 секунд басып тұрыңыз.

Wi-Fi Direct қолдайтын сымсыз жұмыс істейтін мобильді құрылғыдан басып шығару

 **ЕСКЕРТПЕ:** Қолжетімді сымсыз байланыс әдістері мобильді құрылғыңыздың операциялық жүйесіне байланысты әртүрлі болады. Қосымша ақпарат алу үшін www.hp.com/go/wpc-wirelessdirect сайтына өтіңіз.

Мобильді құрылғыңызда HP Print Service Plugin ең соңғы нұсқасы орнатылғанын тексеріңіз (егер Android құрылғысы пайдаланылса). Бұл қосылатын модульді Google Play бағдарламалар дүкенінен жүктеп алуға болады.

1. Принтердегі Wi-Fi Direct мүмкіндігі қосылғандығын тексеріңіз.
2. Мобильді құрылғыңызда Wi-Fi Direct мүмкіндігін қосыңыз. Қосымша ақпаратты мобильді құрылғымен бірге берілген құжаттан қараңыз.
3. Мобильді құрылғыңыздан басып шығару функциясы қосылу бағдарламадан құжатты таңдаңыз да, құжатты басып шығару үшін опцияны таңдаңыз.

Қолжетімді принтерлер тізімі шығады.

4. Қолжетімді принтерлер тізімінен Wi-Fi Direct атын таңдаңыз.
5. Құжатты басып шығарыңыз.

Wi-Fi Direct мүмкіндігін қолдау көрсетпейтін сымсыз жұмыс істейтін мобильді құрылғыдан басып шығару



ЕСКЕРТПЕ: Қолжетімді сымсыз байланыс әдістері мобильді құрылғыңыздың операциялық жүйесіне байланысты әртүрлі болады. Қосымша ақпарат алу үшін www.hp.com/go/wpc-wirelessdirect сайтына өтіңіз.

Мобильді құрылғыңызға үйлесімді басып шығару бағдарламасын орнатқаныңызды тексеріңіз. Қосымша ақпарат алу үшін www.hp.com/go/mobileprinting HP мобильді басып шығару веб-сайтына кіріңіз. Осы веб-сайттың жергілікті нұсқасы еліңізде/аймағыңызда немесе тіліңізде қолжетімді болмаса, басқа елдегі/аймақтағы немесе тілдегі HP мобильді басып шығару веб-сайтына бағытталуыңыз мүмкін.

1. Принтердегі Wi-Fi Direct мүмкіндігі қосылғандығын тексеріңіз.
2. Мобильді құрылғыдағы Wi-Fi байланысын қосыңыз. Қосымша ақпаратты мобильді құрылғымен бірге берілген құжаттан қараңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Мобильді құрылғыңыз Wi-Fi байланысын қолдамаса, Wi-Fi Direct мүмкіндігін пайдалану мүмкін емес.

3. Мобильді құрылғыдан жаңа желіге қосылыңыз. Әдетте жаңа сымсыз желі немесе қол жеткізу нүктесіне қосылу үшін пайдаланылатын процесті пайдаланыңыз. Көрсетілген сымсыз желілер тізімінен Wi-Fi Direct атын таңдаңыз. Желі аты принтер атына негізделеді.

Сұралған болса, Wi-Fi Direct құпиясөзін енгізіңіз.

4. Құжатты басып шығарыңыз.

Сымсыз жұмыс істейтін компьютерден басып шығару

1. Принтердегі Wi-Fi Direct мүмкіндігі қосылғандығын тексеріңіз.
2. Компьютердің Wi-Fi байланысын қосыңыз. Қосымша ақпаратты компьютерде берілген құжаттан қараңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Компьютеріңіз Wi-Fi байланысын қолдамайтын болса, Wi-Fi Direct мүмкіндігін пайдалану мүмкін емес.


3. Компьютерден жаңа желіге қосылыңыз. Әдетте жаңа сымсыз желі немесе қол жеткізу нүктесіне қосылу үшін пайдаланылатын процесті пайдаланыңыз. Көрсетілген сымсыз желілер тізімінен Wi-Fi Direct атын таңдаңыз. Желі аты принтер атына негізделеді.

Сұралған болса, Wi-Fi Direct құпиясөзін енгізіңіз.


4. Құжатты басып шығарыңыз.



Сымсыз қосылым параметрлері

 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл бөлім тек сымсыз принтер үлгілеріне қолданылады.




 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл бөлімді жалғастырмас бұрын, принтеріңіз компьютерге USB немесе Ethernet кабелі арқылы жалғанып тұрғанына көз жеткізіңіз.

Принтердегі сымсыз байланыс мүмкіндігін қосу немесе өшіру

Принтердің сымсыз байланыс мүмкіндіктерін қосу үшін Сымсыз байланыс түймесін  басыңыз.

- Принтер сымсыз желіге қосылып тұрса, Сымсыз байланыс түймесі  көк түсте жанады.
- Егер сымсыз байланыс өшіп тұрса, Сымсыз байланыс түймесі  жанбайды.


Желі параметрлерін әдепкі параметрлерге қою

- Сымсыз байланыс түймесін  және Бас тарту түймесін  бір уақытта кемінде үш секунд басып тұрыңыз. Принтер қайта іске қосылады және Сымсыз байланыс шамы  көк түспен жыпылықтай бастайды. Бұл принтердің Автоматты сымсыз байланыс (AWC) реттеу режимінде екенін көрсетеді. Енді принтер мен құрылғыңыз арасында сымсыз байланысты орнатуға болады.

Сымды (Ethernet) желіге қосылу



ЕСКЕРТПЕ: Бұл бөлім тек Ethernet желісімен жұмыс істейтін принтер үлгілеріне арналады.

1. Желі маршрутизаторында Ethernet порттары болуы керек.
2. Компьютеріңіздің маршрутизаторға қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. Ethernet кабелін принтердің артындағы Ethernet портына  жалғаңыз.
4. Ethernet кабелінің екінші ұшын маршрутизатордағы қолжетімді портқа жалғаңыз.
5. Принтердің бағдарламалық құралын жүктеп алу үшін 123.hp.com сайтына кіріңіз.
6. Параметрлерді орнату үшін бағдарламалық құралды ашыңыз.

3 Принтерді конфигурациялау

- [HP ендірілген веб-сервері \(EWS\) және HP Device Toolbox \(Windows\) арқылы принтерді конфигурациялау](#)
- [Шағын бағдарламаны жаңарту](#)
- [Принтер қосылымы түрін өзгерту \(Windows 7\)](#)

HP ендірілген веб-сервері (EWS) және HP Device Toolbox (Windows) арқылы принтерді конфигурациялау


Компьютерден басып шығару функцияларын басқару үшін HP ендірілген веб-серверін пайдаланыңыз.


- принтер күйі туралы ақпаратты көру;
- барлық жабдықтардың қалған қызмет көрсету мерзімін анықтау және жаңаларына тапсырыс беру;
- принтер мен жеткізілімдер туралы хабарландырулар алу;
- желі конфигурациясын көру және өзгерту.

HP ендірілген веб-сервері принтер сіздің компьютеріңізге IP-негізіндегі желі немесе USB арқылы қосылған кезде жұмыс істейді. HP ендірілген веб-сервері IPX негізіндегі принтер қосылымдарына қолдау көрсетпейді. HP Embedded Web Server серверіне ашып, қолдану үшін интернетке қосылмағансыз.

Принтер желіге қосылған кезде, HP ендірілген веб-серверіне тікелей қосылуға болады және ол автоматты түрде қолжетімді болады.

Принтер USB арқылы жалғанған (желіге қосылмаған) кезде HP ендірілген веб-серверіне қосылу үшін HP Device Toolbox бағдарламалық құралын пайдаланыңыз.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Принтер Windows жүйесіне USB арқылы жалғанған болса, HP ендірілген веб-серверіне (EWS) қосылу үшін HP Device Toolbox бағдарламалық құралын қолдану керек. HP Device Toolbox толық принтер бағдарламалық құралын орнатқан жағдайда ғана қол жетімді. Принтердің қалай жалғанғанына байланысты кейбір мүмкіндіктер қолжетімді болмауы мүмкін. Принтер желі арқылы Windows компьютеріне немесе Mac компьютеріне жалғанған болса, EWS серверіне қосылу үшін қосымша бағдарламалық құрал қажет емес.

 **ЕСКЕРТПЕ:** HP ендірілген веб-серверіне желіаралық қалқан арқылы қол жеткізу мүмкін емес.

Ендірілген веб-серверге (EWS) қол жеткізу және оны пайдалану

Төмендегі бөлімдер HP ендірілген веб-серверіне қол жеткізу және оны шарлау туралы нұсқауларды береді.

Бағдарламалық құралдан (Windows 7) HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашу

 **ЕСКЕРТПЕ:** HP Printer Assistant құралы Windows 7 операциялық жүйелеріне арналған HP принтері бағдарламалық құралының бөлігі болып табылады. Принтеріңіз бен операциялық жүйеңіз үшін қолжетімді бағдарламаны бағдарламалық құралды табу үшін [өнімге қолдау көрсету](#) сайтына кіріңіз.



1. HP Printer Assistant құралын ашыңыз.

Компьютердің жұмыс үстелінен **Start** (Бастау) параметрін таңдап, **All Programs** (Барлық бағдарламалар) тармағын таңдаңыз да, **HP** түймесін басып, принтерге арналған қалтаны басыңыз, принтер атын таңдаңыз.

2. HP Printer Assistant құралында **Print** (Басып шығару) параметрін, одан кейін **HP Device Toolbox** құралын таңдаңыз.

Веб-шолғыштан HP ендірілген вею-серверін (EWS) ашу

Мыналар желі қосылымын қажет етеді.

1. IP мекенжайын немесе хост атын анықтау үшін конфигурация бетін басып шығарыңыз.
 - а. Resume (Жалғастыру) түймесін  үш секундқа басып тұрыңыз.
 - ә. Resume (Жалғастыру) түймесін босатыңыз .
2. Веб-шолғышты ашыңыз және мекенжай жолына IP мекенжайын немесе хост атауын принтердің конфигурация бетінде көрсетілгендей етіп енгізіңіз. Компьютер пернетақтасында Enter пернесін басыңыз. Ендірілген веб-сервер ашылады.



ЕСКЕРТПЕ: Веб-шолғыш веб-сайтқа кіру қауіпсіз болмауы мүмкін екенін көрсететін хабарды беретін болса, веб-сайтқа өту үшін опцияны таңдаңыз. Бұл веб-сайтқа кіру компьютерге зиян келтірмейді.

Wi-Fi Direct қосылымын пайдаланған кезде HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашу

1. Құрылғыңыз бен принтер арасында Wi-Fi Direct қосылымын орнатыңыз.
2. Веб-шолғышты ашып, мекенжай жолына 192.168.223.1 IP мекенжайын енгізіп, Enter пернесін басыңыз. Ендірілген веб-сервер ашылады.



ЕСКЕРТПЕ: Веб-шолғыш веб-сайтқа кіру қауіпсіз болмауы мүмкін екенін көрсететін хабарды беретін болса, веб-сайтқа өту үшін опцияны таңдаңыз. Бұл веб-сайтқа кіру компьютерге зиян келтірмейді.

Ендірілген веб-сервер бойынша шарлау

Төмендегі кестеде HP ендірілген веб-сервері арқылы қолжетімді мүмкіндіктердің жиынтығы берілген.

Кесте 3-1 HP ендірілген веб-серверінің опциялары

Қойынды немесе бөлім	Сипаттама
Home (Басты) қойындысы Принтер, күйі және конфигурация туралы ақпаратты қамтамасыз етеді.	<ul style="list-style-type: none">• Device Status (Құрылғы күйі): Принтердің күйін және HP жабдықтарының қызмет көрсету мерзімінің қалған уақытын көрсетеді.• Supplies Status (Жабдықтар күйі): HP жабдығының шамамен қалған пайыздық қызмет көрсету мерзімін көрсетеді. Жабдықтың нақты қалған қызмет көрсету мерзімі өзгеше болуы мүмкін. Баспа сапасы бұдан былай жарамсыз болған кезде, орнатылатын жабдықтың қолжетімді болуын қарастырыңыз. Баспа сапасы бұдан былай жарамсыз болмайынша, жабдықты ауыстырудың қажеті жоқ.• Device Configuration (Құрылғыны конфигурациялау): принтердің конфигурация бетінде және басқа құрылғы конфигурациясының параметрлерінде табылатын ақпаратты көрсетеді.• Network Summary (Желі жиынтығы): принтердің желі конфигурациясы бетінде және басқа желі конфигурациясының параметрлерінде табылатын ақпаратты көрсетеді.• Event Log (Оқиғалар журналы): барлық принтер оқиғалары мен қателерінің тізімін көрсетеді.• Open Source Licenses (Ашық бастапқы коды бар бағдарламалық құрал лицензиясы): принтермен бірге пайдалануға болатын ашық бастапқы коды бар бағдарламалық құралдардың жиынтығын көрсетеді.
System (Жүйе) қойындысы Принтерді компьютерден конфигурациялау мүмкіндігін береді.	<ul style="list-style-type: none">• Device Information (Құрылғы туралы ақпарат): негізгі принтер мен компания туралы ақпаратты береді.• Paper Setup (Қағазды реттеу): принтерге арналған әдепкі қағазды дайындау параметрлерін өзгертіңіз.• Energy Settings (Энергия параметрлері): ұйқы/автоматты өшіру режиміне кіру немесе автоматты түрде өшіру үшін әдепкі уақыттарды өзгертіңіз.• System Setup (Жүйені реттеу): принтерге арналған жүйенің әдепкі параметрлерін өзгертіңіз.• Service (Қызмет көрсету): ылғалдылық пен биіктік сияқты қоршаған орта факторлары, архивтік басып шығару режимін басқару, USB жылдамдығын өзгерту және зауыттың әдепкі параметрлерін қалпына келтіру үшін реттеулерді орындаңыз.• Administration (Басқару): принтер құпиясөзін орнатыңыз немесе өзгертіңіз, P/L құрылғысына кіру пәрмендерін қосыңыз немесе өшіріңіз, шағын бағдарлама жаңартуларына арналған қолтаңбаны тексеру басымдығын көрсетіңіз. <p>ЕСКЕРТПЕ: System (Жүйе) қойындысының құпиясөзбен қорғалған болуы мүмкін. Егер бұл принтер желіде болса, осы қойындыдағы параметрлерді өзгертпес бұрын әрқашан әкімшімен кеңесіңіз.</p>

Кесте 3-1 HP ендірілген веб-серверінің опциялары (жалғасы)

Қойынды немесе бөлім	Сипаттама
Сору (Көшіру) қойындысы Көшіру параметрлері үшін әдепкі мәндерді конфигурациялау мүмкіндігін береді.	Көшірмелердің саны, әдепкі шкаласы, қағаз параметрлері және басқа опциялар сияқты көшіруге арналған әдепкі мәндерді орнату үшін осы қойындыны пайдаланыңыз.
Networking (Желіге қосу) қойындысы (Тек желілік принтер үлгілері үшін) Желі параметрлерін компьютерден немесе мобильді құрылғыдан өзгертуге мүмкіндік береді.	Желі әкімшілері, ол IP мекенжайына негізделген желіге қосылған кезде, принтерге арналған желіге қатысты параметрлерді басқару үшін осы қойындыны пайдалана алады. Сондай-ақ ол желі әкімшісіне Wireless Direct және Google Cloud Print функциясын орнату мүмкіндігін береді. ЕСКЕРТПЕ: Network (Желі) қойындысының құпиясөзбен қорғалған болуы мүмкін. Егер бұл принтер желіде болса, осы қойындыдағы параметрлерді өзгертпес бұрын әрқашан әкімшімен кеңесіңіз.

IP желі параметрлерін реттеу

Принтер желісінің параметрлерін конфигурациялау үшін келесі бөлімдерді пайдаланыңыз.

Желі параметрлерін қарау немесе өзгерту

IP мекенжайын конфигурациялау параметрлерін көру немесе өзгерту үшін HP ендірілген веб-серверін пайдаланыңыз.

1. HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашыңыз.
2. Желі жөніндегі ақпаратты алу үшін **Networking** (Желіге қосу) қойындысын нұқыңыз. Қажет болған жағдайда, параметрлерді өзгертіңіз.

Желідегі принтердің атын өзгертіңіз

Принтердің атауын бірегейлендіру үшін желідегі принтер атын өзгерту мақсатында HP ендірілген веб-серверін пайдаланыңыз.

1. HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашыңыз.
2. **System** (Жүйе) қойындысын ашыңыз.
3. **Device Information** (Құрылғы туралы ақпарат) бетінде әдепкі принтер аты **Device Description** (Құрылғы сипаттамасы) өрісінде болады. Осы атауды бұл принтерді бірегей түрде анықтау үшін өзгертуге болады.



ЕСКЕРТПЕ: Осы беттегі басқа өрістерді толтыру міндетті емес.

4. Өзгертулерді сақтау үшін **Apply** (Қолдану) түймесін басыңыз.

IPv4 TCP/IP параметрлерін қолмен конфигурациялау

IPv4 мекенжайын, бағыныңқы желі маскасын және әдепкі шлюзді қолмен орнату үшін EWS қызметін қолданыңыз.

1. HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашыңыз.
2. **Networking** (Желіге қосу) қойындысының сол жақ шарлау тақтасында **IPv4 Configuration** (IPv4 конфигурациялау) түймесін басыңыз.
3. **IP Preferred Address Method** (IP ұсынылатын мекенжай әдісі) ашылмалы тізімінен **Manual** (Қолмен) параметрін таңдап, одан кейін IPv4 конфигурация параметрлерін өңдеңіз.
4. **Apply** (Қолдану) түймесін басыңыз.

HP ендірілген веб-серверін қолданып жүйе құпиясөзін тағайындау немесе өзгерту

Рұқсат етілмеген пайдаланушылар принтер параметрлерін өзгерте алмайтын етіп, принтерге және HP ендірілген веб-серверіне кіру үшін әкімші құпиясөзін тағайындаңыз.

1. HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашыңыз.
2. **System** (Жүйе) қойындысының **Administration** (Әкімші) сілтемесін басыңыз.
3. **Product Security** (Өнім қауіпсіздігі) деп таңбаланған аймақтың **Password** (Құпиясөз) өрісіне құпиясөзді енгізіңіз.
4. **Confirm Password** (Құпиясөзді растау) өрісіне құпиясөзді қайта енгізіңіз.
5. **Apply** (Қолдану) түймесін басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Құпиясөзді жазып алып, қауіпсіз орында сақтаңыз.


Энергияны үнемдеу параметрлерін өзгерту

Принтерде энергия мен жабдықтарды үнемдеу үшін бірнеше үнемдеу мүмкіндігі бар.

Әрекетсіздіктен кейін ұйқы/автоматты түрде өшіру параметрін орнату

Принтер ұйқы режиміне кірмес бұрынғы енжар уақыт мөлшерін орнату үшін EWS қызметін пайдаланыңыз.

Әрекетсіздіктен кейін ұйқы/автоматты түрде өшіру параметрін өзгерту үшін келесі процедураны орындаңыз:

1. HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашыңыз.
 - Қолжетімді болса, EWS серверіне қол жеткізу үшін HP Smart қолданбасын пайдаланыңыз.
 - Windows 7 жүйелеріне арналған HP Printer Assistant құралын пайдаланыңыз.
 - Resume (Жалғастыру)  түймесін конфигурация бетін басып шығару, одан кейін принтердің конфигурация бетінде көрсетілген IP мекенжайына немесе хост атауына өту үшін басып тұрыңыз.




ЕСКЕРТПЕ: Егер веб-сайтқа кіру қауіпсіз болуы мүмкін екендігін көрсететін хабарламаны алсаңыз, веб-сайтты пайдалануды жалғастыру үшін опцияны таңдаңыз. Бұл веб-сайтқа кіру компьютерге зиян келтірмейді.

2. **System** (Жүйе) қойындысын нұқып, **Energy Settings** (Энергияны үнемдеу) параметрін таңдаңыз.


3. **Sleep/Auto Off After Inactivity** (Әрекетсіздіктен кейін ұйқы/автоматты түрде өшіру) ашылмалы мәзірінен кешіктіру уақытын таңдаңыз.
4. **Apply** (Қолдану) түймесін басыңыз.


Әрекетсіздіктен кейін өшіруді кешіктіру параметрін орнату және принтерді 1 ватт немесе аз қуатты пайдалану үшін конфигурациялау

Принтер өшірілмес бұрынғы уақыт мөлшерін орнату үшін EWS қызметін орнатыңыз.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Принтер өшірілген соң, 1 ватт немесе одан аз қуат тұтынылады.

Әрекетсіздіктен кейін өшіру параметрін өзгерту үшін келесі процедураны орындаңыз:

1. HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашыңыз.
 - Қолжетімді болса, EWS серверіне қол жеткізу үшін HP Smart қолданбасын пайдаланыңыз.
 - Windows 7 жүйелеріне арналған HP Printer Assistant құралын пайдаланыңыз.
 - Resume (Жалғастыру)  түймесін конфигурация бетін басып шығару, одан кейін принтердің конфигурация бетінде көрсетілген IP мекенжайына немесе хост атауына өту үшін басып тұрыңыз.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Егер веб-сайтқа кіру қауіпсіз болуы мүмкін екендігін көрсететін хабарламаны алсаңыз, веб-сайтты пайдалануды жалғастыру үшін опцияны таңдаңыз. Бұл веб-сайтқа кіру компьютерге зиян келтірмейді.

2. **System** (Жүйе) қойындысын нұқып, **Energy Settings** (Энергияны үнемдеу) параметрін таңдаңыз.
3. **Shut Down After Inactivity** (Әрекетсіздіктен кейін өшіру) ашылмалы мәзірінен кешіктіру уақытын таңдаңыз.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Әдепкі мән — **4 сағат**.

4. **Apply** (Қолдану) түймесін басыңыз.

Өшіруді кешіктіру параметрін орнату

Қуат түймесі  басылғаннан кейін, принтердің кідірістері өшетінін не өшпейтінін таңдау үшін EWS қойындысын пайдаланыңыз.

Өшіруді кешіктіру параметрін өзгерту үшін келесі процедураны орындаңыз:

1. HP ендірілген веб-серверін (EWS) ашыңыз.
 - Қолжетімді болса, EWS серверіне қол жеткізу үшін HP Smart қолданбасын пайдаланыңыз.
 - Windows 7 жүйелеріне арналған HP Printer Assistant құралын пайдаланыңыз.
 - Resume (Жалғастыру)  түймесін конфигурация бетін басып шығару, одан кейін принтердің конфигурация бетінде көрсетілген IP мекенжайына немесе хост атауына өту үшін басып тұрыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Егер веб-сайтқа кіру қауіпсіз болуы мүмкін екендігін көрсететін хабарламаны алсаңыз, веб-сайтты пайдалануды жалғастыру үшін опцияны таңдаңыз. Бұл веб-сайтқа кіру компьютерге зиян келтірмейді.

2. **System** (Жүйе) қойындысын нұқып, **Energy Settings** (Энергияны үнемдеу) параметрін таңдаңыз.
3. **Delay when ports are active** (Порттар белсенді болғанда кешіктіру) опциясын таңдаңыз немесе таңдауын алып тастаңыз.




ЕСКЕРТПЕ: Осы опция таңдалғанда барлық порттар енжар болмайынша, принтер өшірілмейді. Белсенді желі сілтемесі принтерді өшіруге жол бермейді.


Шағын бағдарламаны жаңарту

HP мерзімді принтер жаңартуларын ұсынады. Жалғыз принтерге арналған принтердің шағын бағдарламасын жаңарту үшін мына қадамдарды орындаңыз.


Шағын бағдарламаны жаңарту қызметін пайдаланып шағын бағдарламаны жаңарту

HP.com сайтынан шағын бағдарламаны жаңарту қызметін қолмен жүктеп алу және орнату үшін осы қадамдарды қолданыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл әдіс USB кабелі арқылы компьютерге жалғанған принтерлер үшін қолжетімді жалғыз шағын бағдарламаны жаңарту мүмкіндігі болып табылады. Ол сондай-ақ желіге қосылған принтерлер үшін де жұмыс істейді.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл әдісті пайдалану үшін сізде принтер драйвері орнатылған болуы керек.


1. www.hp.com/go/support сайтына өтіп, еліңізді/аймағыңызды немесе тіліңізді таңдаңыз да, **Software and Drivers** (Бағдарламалық құрал мен драйверлер) сілтемесін басыңыз.
2. Іздеу өрісіне принтер атауын енгізіңіз, Enter пернесін басыңыз, содан кейін іздеу нәтижелерінің тізімінен принтерді таңдаңыз.
3. Операциялық жүйені таңдаңыз.
4. **Firmware** (Шағын бағдарлама) бөлімінің астында **Firmware Update Utility** (Шағын бағдарламаны жаңарту қызметі) параметрін орналастырыңыз.
5. **Download** (Жүктеп алу), **Run** (Іске қосу), одан кейін қайтадан **Run** (Іске қосу) тармақтарын таңдаңыз.
6. Қызметтік бағдарлама іске қосылған кезде, ашылмалы тізімнен принтерді таңдап, **Send Firmware** (Шағын бағдарламаны жіберу) түймесін басыңыз.


 **ЕСКЕРТПЕ:** Жаңарту процесінен бұрын немесе кейін орнатылған шағын бағдарлама нұсқасын тексеру үшін конфигурация бетін басып шығару мақсатында **Print Config** (Конфигурацияны басып шығару) түймесін басыңыз.

7. Орнатылымды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындап, қызметтік бағдарламадан шығу үшін **Exit** (Шығу) түймесін басыңыз.

Принтер қосылымы түрін өзгерту (Windows 7)

Бұған дейін USB, Ethernet немесе сымсыз байланыс параметрлерін бұған дейін орнатып, енді оны өзгерткіңіз келсе, HP Printer Assistant бағдарламалық құралын пайдалана аласыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Ethernet байланысының параметрлерін реттеу үшін Ethernet желісімен жұмыс істейтін принтер үлгісі болуы керек. Сымсыз байланыс параметрлерін реттеу үшін сымсыз байланыс арқылы жұмыс істейтін принтер үлгісі болуы керек.

 **ЕСКЕРТПЕ:** HP Printer Assistant құралы Windows 7 операциялық жүйелеріне арналған HP принтері бағдарламалық құралының бөлігі болып табылады. Принтеріңіз бен операциялық жүйеңіз үшін қолжетімді бағдарламаны бағдарламалық құралды табу үшін [өнімге қолдау көрсету](#) сайтына кіріңіз.

1. HP Printer Assistant құралын ашыңыз.
 - Компьютердің жұмыс үстелінен **Start** (Бастау) параметрін таңдап, **All Programs** (Барлық бағдарламалар) тармағын таңдаңыз да, **HP** түймесін басып, принтерге арналған қалтаны басыңыз, принтер атын таңдаңыз.
2. HP Printer Assistant құралында шарлау тақтасынан **Tools** (Құралдар) параметрін таңдап, **Device Setup & Software** (Құрылғыны орнату және бағдарламалық құрал) тармағын таңдаңыз. Сымсыз желідегі принтердің параметрлерін реттеу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
3. Параметрлерін реттеп жатқан байланыс түрін көру үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

4 Медиа құралын салу


- [Басқа қағаз өлшемдері үшін кіріс науаны конфигурациялаңыз](#)
- [Қағаз салу](#)
- [Хатқалталарды салу және басып шығару](#)
- [Жапсырмаларды салу және басып шығару](#)

Басқа қағаз өлшемдері үшін кіріс науаны конфигурациялаңыз

 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл бөлім тек Legal және Oficio қағаз өлшемдерін қолдайтын принтер модельдеріне ғана қатысты.

Кейбір принтер модельдері Legal және Oficio қағаз өлшемдерін қолдайды. Егер принтер моделі бұл қағаз өлшемдерін қолдаса, үлкен және кішкентай қағаз өлшемдері арасында ауысқанда, қағаз ұзындығын бағыттауыштардың бағытын өзгерту керек.


Принтер Legal/Oficio қағазын қолдайтынын анықтау үшін принтердегі қағаз ұзындығы бағыттағышын келесі суреттермен салыстырыңыз.




- | | |
|---|---|
| 1 | Принтер Legal/ Oficio қағазын қолдамайды. |
| 2 | Принтер Legal/Oficio қағазын қолдайды. |

Қағаз бағыттағышының бағыты

- A4/Letter не үлкенірек қағазды, хатқалталарды не белгілерді салу үшін қағаз ұзындығы бағыттағышы мына бағытта болуы керек:




- A4/Letter нұсқасынан кішірек қағазды салу үшін қағаз ұзындығы бағыттағышы мына бағытта болуы керек:




Қағаз ұзындығының бағыттағыштарын бұру


1. Егер қажет болса, кіріс науасы қақпағын алып тастаңыз.



2. Кіріс науадан барлық қағаздарды алып тастаңыз.

3. Қағаз ұзындығын бағыттауыштарды кіріс науаның сыртқы жиектеріне сырғытыңыз.





 **ЕСКЕРТПЕ:** Бағыттағыш A4/Letter немесе үлкенірек қағаз үшін дұрыс бағдармен осында көрсетілген.

4. Кіріс науаны жоғары қарай азғантай еңкейтіңіз және принтерден тартып шығарыңыз.




5. Қағаз ұзындығын бағыттағышын кіріс науасынан шығарып, оны бұрып, қайтадан науадағы жолына сырғытып салыңыз.



 **ЕСКЕРТПЕ:** Бағыттағыш A4/Letter нұсқасынан кішірек қағазды салу үшін бұрылып жатыр. Үлкенірек қағазды салу үшін бағыттағышты қарсы бағытта бұраңыз.

6. Кіріс науасын орнына салыңыз.



Қағаз салу


Төмендегі ақпарат қағазды кіріс науасына салу жолын сипаттайды.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Қағаз кептелістеріне жол бермеу үшін


- Басып шығару кезінде кіріс науасына ешқашан қағазды қосуға немесе одан алуға болмайды.
- Кіріс науасын жүктемес бұрын, барлық қағазды кіріс науасынан алып тастаңыз және буманы түзетіңіз.
- Мыжылмаған, бүгілмеген немесе бүлінбеген қағазды пайдаланыңыз.


Қағаз салу үшін


1. Кіріс науасы қақпағын алып тастаңыз.



2. Егер бар болса, кіріс науадан қағазды алып тастаңыз.
3. Қағаз ұзындығын бағыттауыштар салынып жатқан қағаз өлшеміне сәйкес бағытпен қойылғанын тексеріңіз. Көбірек ақпарат алу үшін, қараңыз [Басқа қағаз өлшемдері үшін кіріс науаны конфигурациялаңыз \(29-бет\)](#).
4. Қағазға бөлім жасау үшін қағаз бағыттауыштарды сыртына сырғытыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Legal өлшемді қағаз үшін қағаз ұзындығын бағыттағышты науадан шығарып, терезеден “LGL” белгісі көрініп тұрғанын тексеріңіз.




 **ЕСКЕРТПЕ:** Қағаз бағыттағыш A4/Letter немесе үлкенірек қағаз үшін сәйкес бағдармен осында көрсетілген. Кішірек қағазды салу үшін бағыттағыш қарсы бағытта бұрылуы керек. Көбірек ақпарат алу үшін, қараңыз [Басқа қағаз өлшемдері үшін кіріс науаны конфигурациялаңыз \(29-бет\)](#).


5. Салмас бұрын беттерді бөлу үшін қағаз бумасының шетін бүгіңіз немесе желдетіңіз.




6. Қағаз бумасын жоғарғы жағын алға қаратып және басып шығарылатын бетін жоғарыға қаратып кіріс науасына салыңыз. Қағазды артқы тоқтатқышқа жеткенше барынша итеру керек.




7. Қағаз бағыттауыштарын, олар тоқтатылмайынша, қағаз бумасының шеттеріне қарай итеріңіз.



8. Кіріс науасының қақпағын қайта орнатыңыз.




 **ЕСКЕРТПЕ:** A4/Letter нұсқасынан үлкенірек қағаз салынғанда, қақпақты пайдалану мүмкін болмайды.


Хатқалталарды салу және басып шығару

Хатқалталарды салу

1. Кіріс науасы қақпағын алып тастаңыз.




2. Қағаз бағыттауыштарын кіріс науасының шеттеріне қарай итеріңіз.



3. Кіріс науадан барлық қағаздарды алып тастаңыз.
4. Қағаз ұзындығын бағыттауыш хатқалталарды салуға сәйкес бағытпен қойылғанын тексеріңіз. Көбірек ақпарат алу үшін, қараңыз [Басқа қағаз өлшемдері үшін кіріс науаны конфигурациялаңыз \(29-бет\)](#).
5. Хатқалтаны қысқа, маркасының шетін науаның артқы жағына қаратып, кіріс науасының ортасына салыңыз. Басып шығарылатын бет жоғары қаратылуы қажет.
6. Қағаз бағыттауыштарын, олар тоқтатылмайынша, хатқалтаның шеттеріне қарай итеріңіз.



7. Кіріс науасының қақпағын қайта орнатыңыз.




Хатқалталарды басып шығару

1. Бағдарламалық құралдан **Print** (Басып шығару) опциясын таңдаңыз.
2. Принтерлер тізімінен принтерді таңдаңыз.
3. Properties (Сипаттар) тілқатысу терезесін ашатын түймені басыңыз. Бағдарламалық құралға байланысты бұл түйменің **Properties** (Сипаттар), **Preferences** (Артықшылықтар), **Options** (Опциялар), **Printer Setup** (Принтерді орнату), **Printer Properties** (Принтер сипаттары) немесе **Printer** (Принтер) деп аталуы мүмкін.
4. **Paper/Quality** (Қағаз/Сапа) қойындысын басыңыз немесе түртіңіз.
5. **Media** (Медиа құралы) ашылмалы тізімінде **Envelope** (Хатқалта) түймесін басыңыз.
6. **Document Properties** (Құжат сипаттары) тілқатысу терезесін жабу үшін **OK** түймесін басыңыз.
7. **Print** (Басып шығару) тілқатысу терезесінде тапсырманы басып шығару үшін **OK** түймесін басыңыз.


Жапсырмаларды салу және басып шығару

Жапсырмаларды жүктеу

1. Кіріс науасы қақпағын алып тастаңыз.



2. Қағаз бағыттауыштарын кіріс науасының шеттеріне қарай итеріңіз.




3. Кіріс науадан барлық қағаздарды алып тастаңыз.
4. Қағаз ұзындығын бағыттауыштар хатқалталарды салу белгілеріне сәйкес бағытпен қойылғанын тексеріңіз. Көбірек ақпарат алу үшін, қараңыз [Басқа қағаз өлшемдері үшін кіріс науаны конфигурациялаңыз \(29-бет\)](#).
5. Парақтың жоғарғы шеті науаның артқы жағына қарайтын етіп, жапсырмалар парағын кіріс науасының ортасына салыңыз. Басып шығарылатын бет жоғары қаратылуы қажет.



6. Қағаз бағыттауыштарын, олар тоқтатылмайынша, парақтың шеттеріне қарай итеріңіз.



7. Кіріс науасының қақпағын қайта орнатыңыз.




Жапсырмаларды басып шығару

1. Бағдарламалық құралдан **Print** (Басып шығару) опциясын таңдаңыз.
2. Принтерлер тізімінен принтерді таңдаңыз.
3. Properties (Сипаттар) тілқатысу терезесін ашатын түймені басыңыз. Бағдарламалық құралға байланысты бұл түйменің **Properties** (Сипаттар), **Preferences** (Артықшылықтар), **Options** (Опциялар), **Printer Setup** (Принтерді орнату), **Printer Properties** (Принтер сипаттары) немесе **Printer** (Принтер) деп аталуы мүмкін.
4. **Paper/Quality** (Қағаз/Сапа) қойындысын басыңыз.
5. **Media** (Медиа құралы) ашылмалы тізімінде **Labels** (Жапсырмалар) түймесін басыңыз.
6. **Document Properties** (Құжат сипаттары) тілқатысу терезесін жабу үшін **OK** түймесін басыңыз.
7. **Print** (Басып шығару) тілқатысу терезесінде тапсырманы басып шығару үшін **OK** түймесін басыңыз.

5 Басып шығару

- [Windows компьютері арқылы басып шығару](#)
- [Mac компьютері арқылы басып шығару](#)
- [Мобильді құрылғылардан басып шығару](#)



ЕСКЕРТПЕ: Қуат шамы  жыпылықтап тұрса және барлық басқа басқару тақтасының шамдары өшірулі болса, принтер іске қосуда, салқындауда, автоматты түрде тазалау режимдерін орындауда немесе өшіп жатыр. Принтер салқындатылған кезде, басып шығару тапсырмаларының кідіртуі мүмкін. Механизм дайын болған кезде, басып шығару тапсырмалары жалғастырылады. Бұған бірнеше минут жұмсалуы мүмкін.

Өнімді басып шығаруды қамтамасыз ету үшін бұл принтер, қажет болғанда, белгілі қоршаған орта жағдайларында автоматты түрде салқындату режиміне өтеді.

Windows компьютері арқылы басып шығару

Келесі процедура Windows үшін негізгі басып шығару процесін сипаттайды.

1. Сымсыз басып шығару үшін принтердің компьютермен немесе мобильді құрылғымен бірдей желіге қосылғанын тексеріңіз. Маршрутизаторға қосылмай басып шығаруды қаласаңыз, Wi-Fi Direct қызметін пайдаланыңыз.
2. Бағдарламалық құралдан **Print** (Басып шығару) опциясын таңдаңыз.
3. Принтерлер тізімінен принтерді таңдаңыз.
4. **Properties** (Сипаттар) тілқатысу терезесін ашатын түймені басыңыз.

Бағдарламалық құралға байланысты бұл түйменің **Properties** (Сипаттар), **Options** (Опциялар), **Printer Setup** (Принтерді орнату), **Printer Properties** (Принтер сипаттары), **Printer** (Принтер) немесе **Preferences** (Артықшылықтар) деп аталуы мүмкін.

5. Қолжетімді опцияларды конфигурациялау үшін принтер драйверіндегі қойындыларды басыңыз немесе түртіңіз.
6. **Print** (Басып шығару) тілқатысу терезесіне оралу үшін **OK** түймесін басыңыз немесе түртіңіз. Осы экраннан басып шығару үшін көшірмелер санын таңдаңыз.
7. Тапсырманы басып шығару үшін **OK** түймесін басыңыз немесе түртіңіз.

Қағаз түрін таңдау (Windows)

1. Бағдарламалық құралдан **Print** (Басып шығару) опциясын таңдаңыз.
2. Принтерлер тізімінен принтерді таңдаңыз.
3. **Properties** (Сипаттар) тілқатысу терезесін ашатын түймені басыңыз.

Бағдарламалық құралға байланысты бұл түйменің **Properties** (Сипаттар), **Options** (Опциялар), **Printer Setup** (Принтерді орнату), **Printer Properties** (Принтер сипаттары), **Printer** (Принтер) немесе **Preferences** (Артықшылықтар) деп аталуы мүмкін.

4. **Printing Shortcuts** (Басып шығару таңбашалары) қойындысын нұқыңыз немесе түртіңіз.
5. **Paper Type** (Қағаз түрі) ашылмалы мәзірінен дұрыс қағаз түрін таңдап, **Properties** (Сипаттар) немесе **Preferences** (Артықшылықтар) тілқатысу терезесін жабу үшін **OK** түймесін басыңыз.
6. **Print** (Басып шығару) тілқатысу терезесінде тапсырманы басып шығару үшін **OK** түймесін басыңыз.

Екі жаққа қолмен басып шығару (Windows)

1. Бағдарламалық құралдан **Print** (Басып шығару) опциясын таңдаңыз.
2. Принтерлер тізімінен принтерді таңдаңыз.
3. **Properties** (Сипаттар) тілқатысу терезесін ашатын түймені басыңыз.

Бағдарламалық құралға байланысты бұл түйменің **Properties** (Сипаттар), **Options** (Опциялар), **Printer Setup** (Принтерді орнату), **Printer Properties** (Принтер сипаттары), **Printer** (Принтер) немесе **Preferences** (Артықшылықтар) деп аталуы мүмкін.

4. **Layout** (Орналасу) қойындысын басыңыз.
5. **Print on Both Sides Manually** (Екі жаққа қолмен басып шығару) ашылмалы тізімінен тиісті екі жақты опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
6. **Print** (Басып шығару) тілқатысу терезесінде тапсырманы басып шығару үшін **OK** түймесін басыңыз. Принтер алдымен құжаттағы барлық беттердің алғашқы жағын басып шығарады.
7. Шығыс науасынан басып шығарылған буманы шығарып алып, оны басып шығарылған бетін төмен қаратып, алдымен жоғарғы шетінен бастап кіріс науасына салыңыз.
8. Компьютерде тапсырманың екінші жағын басып шығару үшін **OK** түймесін басыңыз.
9. Ескертілетін болса, жалғастыру үшін тиісті басқару тақтасы түймесін таңдаңыз.

Бір параққа бірнеше бетті басып шығару (Windows)

1. Бағдарламалық құралдан **Print** (Басып шығару) опциясын таңдаңыз.
2. Принтерлер тізімінен принтерді таңдаңыз.
3. **Properties** (Сипаттар) тілқатысу терезесін ашатын түймені басыңыз.

Бағдарламалық құралға байланысты бұл түйменің **Properties** (Сипаттар), **Options** (Опциялар), **Printer Setup** (Принтерді орнату), **Printer Properties** (Принтер сипаттары), **Printer** (Принтер) немесе **Preferences** (Артықшылықтар) деп аталуы мүмкін.

4. **Layout** (Орналасу) қойындысын басыңыз немесе түртіңіз.
5. Дұрыс **Orientation** (Бағдар) опциясын таңдаңыз.
6. Әр параққа басып шығарғыңыз келетін беттердің санын **Pages per Sheet** (Бір параққа бірнеше бет) опциясынан таңдаңыз.
7. **Тек Windows 7: Advanced** (Қосымша) түймесін басыңыз.
8. **Pages per Sheet Layout** (Бір параққа бірнеше бет орналасуы) опциясынан әрбір параққа беттерді реттеу жолын таңдаңыз.
9. **Тек Windows 7: Advanced Options** (Қосымша опциялар) тілқатысу терезесінен **OK** түймесін басыңыз немесе түртіңіз.
10. **Properties** (Сипаттар) немесе **Preferences** (Артықшылықтар) тілқатысу терезесінен **OK** түймесін басыңыз немесе түртіңіз.

Mac компьютері арқылы басып шығару

HP AirPrint технологиясын қолдайтын принтерлер мен macOS және OS X 10.7 (Lion) және одан кейінгі нұсқасы бар Mac компьютерлеріне арналған нұсқаулар.

Принтер компьютерге Wi-Fi желі қосылымы арқылы қосылғандықтан, AirPrint функциясы іске қосылған Mac компьютерінен басып шығаруға болады. AirPrint қызметін пайдаланғанда, драйверді компьютерге жүктеп алудың қажеті жоқ.

Принтерді желіге қосу

1. Принтер мен компьютерді қайта қосыңыз:
 - Сымсыз басып шығару үшін принтердің жақсы сымсыз қосылымы бар екенін және компьютермен бірдей желіге қосылғанын тексеріңіз.
 - USB қосылған принтерлер үшін принтерді компьютерге USB кабелі арқылы қосыңыз.
2. Компьютерде **System Preferences** (Жүйе параметрлері) тармағын ашып, **Printers and Scanners** (Принтерлер мен сканерлер) опциясын таңдаңыз.
3. **(+)** түймесін басып, көрсетілген принтерлер тізімінен принтерді таңдаңыз да, **Add** (Қолдану) түймесін басыңыз.


Басып шығару

- ▲ Қосылғаннан кейін, басып шығару опцияларын көрсету үшін қолданбадан немесе бағдарламадан Print (Басып шығару) пәрменін пайдаланыңыз. Принтеріңізді компьютер мен қолданбалар үшін қолжетімді принтерлер тізімінен таңдаңыз. Қосымша ақпарат алу үшін өтінішіңізбен бірге берілген құжаттаманы немесе анықтаманы қараңыз.

Мобильді құрылғылардан басып шығару

 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл бөлім тек сымсыз принтер үлгілеріне қолданылады.


Құжаттар мен фотосуреттерді iOS, Android, Windows Mobile, Chromebook және Amazon Kindle жүйелері қосылған мобильді құрылғылардан тікелей басып шығаруға болады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Сондай-ақ мобильді құрылғыдан басып шығару үшін HP Smart қолданбасын пайдалануға болады.


1. Принтердің мобильді құрылғымен бірдей желіге қосылғанын тексеріңіз. Мобильді құрылғыдан басып шығару үшін маршрутизаторға қосылмай басып шығаруды қаласаңыз, Wi-Fi Direct қызметін пайдаланыңыз.

2. Мобильді құрылғыда басып шығару мүмкіндігін қосыңыз:


- **iOS: Print** (Басып шығару) параметрін **Share** (Ортақ пайдалану) мәзірінен қолданыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** iOS 4.2 немесе кейінірек нұсқасында іске қосылған құрылғыларда AirPrint мүмкіндігі алдын ала орнатылған болады.

- **Android:** Google Play дүкенінен HP басып шығару қызметі қосылатын модулін (көптеген Android құрылғыларында қолданылады) жүктеп алыңыз да, оны құрылғыңызда қосыңыз.
- **Windows Mobile: Print** (Басып шығару) параметрін **Device** (Құрылғы) мәзірінен түртіңіз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Принтеріңіз тізімде жоқ болса, **Add Printer** (Принтерді қосу) шеберін қолданып, принтерді бір рет пайдалану үшін орнату қажет болуы мүмкін.

- **Chromebook:** Wi-Fi арқылы басып шығаруды қосу үшін Chrome интернет дүкенінен **HP Print for Chrome** қолданбасын жүктеп алып, орнатыңыз.
- **Amazon Kindle Fire HD9 және HDX:** құрылғыда **Print** (Басып шығару) параметрін алғаш рет таңдаған кезде, HP басып шығару қызметі қосылатын модулі мобильді басып шығаруды қосу үшін автоматты түрде жүктеп алынады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Мобильді құрылғылардан басып шығаруды қосу туралы толық ақпаратты алу үшін HP мобильді басып шығару веб-сайтына кіріңіз (www.hp.com/go/mobileprinting). Осы веб-сайттың жергілікті нұсқасы еліңізде/аймағыңызда немесе тіліңізде қолжетімді болмаса, басқа елдегі/аймақтағы немесе тілдегі HP мобильді басып шығару веб-сайтына бағытталуыңыз мүмкін.








3. Принтердің қағаз параметрлеріне сәйкес келетін қағазды салғаныңызға көз жеткізіңіз. Қағаз өлшемін салынған қағазбен мұқият реттеу мобильді құрылғыңыздың қандай қағаз өлшемі басып шығарылатынын білуіне мүмкіндік береді.

6 Көшіру

- [Көшірме жасау](#)
- [Жеке куәлікті көшіру](#)




Көшірме жасау

Сканер әйнегінен көшірмені жасау үшін осы қадамдарды орындаңыз:

1. Принтердегі индикаторларға байланысты сканер әйнегіне құжатты жүктеңіз.
2. Мына көшіру параметрлерінің кез келгенін таңдау үшін Мәзір түймесін ●●● басыңыз.
 - Көшірмелер саны параметрін  таңдаңыз және содан кейін көшірмелер санын реттеу үшін  көрсеткі пернелерін қолданыңыз.
 - Lighter/Darker (Ашықтау/Күңгірттеу) параметрін  таңдап, ағымдағы көшіру жұмысының күңгірт параметрін реттеу үшін көрсеткі пернелерін  пайдаланыңыз.
 - Enlarge/Reduce (Үлкейту/Азайту) параметрін  таңдап, көшіру жұмысының өлшем пайызын реттеу үшін көрсеткі пернелерін  пайдаланыңыз.
3. Көшіруді бастау үшін Көшіру түймесін  басыңыз.

Жеке куәлікті көшіру

Жеке куәліктің екі жағын немесе басқа шағын өлшемді құжаттарды қағаздың бір парағының бір жағына көшіру үшін жеке куәлікті көшіру мүмкіндігін пайдаланыңыз. Принтер бір уақытта екі суретті де басып шығарады.

1. Жеке куәлікті сканер әйнегіне салыңыз. Жапсырманы дұрыс орналастыру үшін тексеріңіз.
2. Сканер қақпағын жауып, көшіруді бастау үшін Куәлікті көшіру түймесін  басыңыз. Ол аяқталған соң, Қақпақты ашу шамы  жыпылықтап, дисплейде "P2" сөзі пайда болады. Ол сканер әйнегіндегі құжатты аударып, артқы жағын сканерлеу керектігін білдіреді.
3. Жеке куәліктің екінші жағын сканер әйнегінің сол бөлігіне қойыңыз.
4. Артқы жағын көшіре бастау үшін Жалғастыру түймесін  басыңыз.

7 Scan (Сканерлеу)

- [HP Smart қолданбасын қолданып сканерлеу](#)
- [HP сканерлеу бағдарламалық құралын пайдалану арқылы сканерлеу \(Windows 7\)](#)

HP Smart қолданбасын қолданып сканерлеу

HP Smart қолданбасы құрылғыңыздың мүмкіндіктері үшін арнайы қосымша сканерлеу мүмкіндіктерін береді. Оған қоса үздіксіз жетілдіру бағдарламасына байланысты жаңа қызмет қалыпты негізде қолданбаға қосылады. Ең кейінгі ақпарат пен жаңартуларды онлайн тексеріңіз.

Windows компьютерінен сканерлеу үшін HP Smart қолданбасын пайдалану

HP Smart қолданбасы Windows 10 және кейінірек нұсқасымен үйлесімді болады. Принтеріңіз компьютермен бірдей желіге қосылу керек.

[Windows үшін HP Smart қолданбасының мүмкіндіктерін орнату және пайдалану бойынша ең соңғы ақпаратты онлайн тексеріңіз.](#)

Mac OS компьютерінен сканерлеу үшін HP Smart қолданбасын пайдалану

Принтеріңіз компьютермен бірдей желіге қосылу керек.

[OS X үшін HP Smart қолданбасының мүмкіндіктерін орнату және пайдалану бойынша ең соңғы ақпаратты онлайн тексеріңіз.](#)

HP сканерлеу бағдарламалық құралын пайдалану арқылы сканерлеу (Windows 7)

Компьютердегі бағдарламалық құралынан сканерлеуді іске қосу үшін HP Scan бағдарламалық құралын пайдаланыңыз. Сканерленген суретті файл ретінде сақтауға немесе оны басқа бағдарламалық құралға жіберуге болады.

1. Принтердегі индикаторларға байланысты сканер әйнегіне құжатты жүктеңіз.
2. HP Printer Assistant құралын ашыңыз. Компьютердің жұмыс үстелінен **Start** (Бастау) параметрін таңдап, **All Programs** (Барлық бағдарламалар) тармағын таңдаңыз да, **HP** түймесін басып, принтерге арналған қалтаны басыңыз, принтер атын таңдаңыз.
3. HP Printer Assistant құралында **Scan** (Сканерлеу), одан кейін **Scan a Document or Photo** (Құжатты немесе фотосуретті сканерлеу) параметрін таңдаңыз.
4. Қажет болса, параметрлерді реттеңіз.
5. **Scan** (Сканерлеу) түймесін басыңыз.

8 Тонерді, медиа құралдарын және бөлшектерін басқару


- [Тонер деңгейін тексеру](#)
- [Тонерді қайта жүктеу](#)
- [Барабанды ауыстыру](#)
- [Жабдықтарға, медиа құралдарына және бөлшектеріне тапсырыс беру](#)


Тонер деңгейін тексеру

Принтердегі тонер төмен деңгейде болса, тонерді қосу үшін бір немесе екі HP тонерін қайта жүктеу жиынтығы қажет болады. Түпнұсқа HP тонерін қайта жүктеу жинақтарын www.hp.com/go/suresupply сайтынан немесе жергілікті HP сатушысынан сатып алуға болады.

Тонерді қосу уақытын анықтау үшін принтердің алдыңғы жағындағы тонер деңгейінің индикаторын тексеріңіз.



ЕСКЕРТПЕ: Тонерді қосу немесе қоспау керектігін анықтау үшін қайта жүктеу портының жанындағы Қайта жүктеу күйі шамын  тексеріп тұрыңыз.

Қайта жүктеу портының жанындағы Қайта жүктеу күйі шамы  ақ түсте жанады. Индикатор өшіп тұрған кезде, тонерді қосуға болмайды. Егер жарық өшірілсе, толық қайта жүктеуді қабылдау үшін тым көп тонер болуы мүмкін немесе бейнелеу барабанын жақын арада ауыстыру қажет болуы мүмкін.



Толық: тонердің деңгейі жоғары және қосымша тонерді осы уақытта қосу мүмкін емес.



Толтыру: тонер деңгейі төмен. "+1" бір Тонерді қайта жүктеу жинағы қосуға болатынын білдіреді.




Low (Төмен): тонер деңгейі төмен. "+2" екі Тонерді қайта жүктеу жинақтары қосуға болатынын білдіреді.




Very Low (Өте төмен): тонер таусылған. Тонер қосылғанша принтер басып шығармайды.

Тонерді қайта жүктеу


Тонерді қосу немесе қоспау керектігін анықтау үшін Қайта жүктеу күйі шамын  (қайта жүктеу портының жанында орналасқан) тонер деңгейінің индикаторын (принтердің алдыңғы жағында орналасқан) пайдаланыңыз.

Тонерді қайта жүктеу үшін

1. Принтер **қосулы** екенін және Қайта жүктеу күйі шамы тұрақты ақ түсте жанып тұрғанын тексеріңіз. Индикатор өшіп тұрған кезде, тонерді қосуға болмайды.
2. Кемінде 10 секунд бойына Тонерді қайта жүктеу жинағы өнімін шайқаңыз. Тонерді араластыратын шардың дыбысы естілуі керек.




3. Сақинасы мен қақпағын алыңыз.




4. қайта жүктеу порты қол жеткізу үшін сканерді көтеріңіз.
5. қайта жүктеу порты қақпағын ашыңыз.




6. Тонерді қайта жүктеу жинағы қайта жүктеу портына салып, ол тоқтамайынша, 180°-қа сағат тілі бағытымен бұраңыз.






7. Піспекті, сырт еткен дыбыс естілмейінше, толығымен төмен қарай итеріңіз.



 **МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Піспектің жоғарғы жағындағы ақ жапсырма әлі де көрініп тұрса, батыру аяқталмады. Піспекті тартып, ақ жапсырма көрінбегенше төмен қайта басыңыз.

8. Оны порттан шығарып алу үшін Тонерді қайта жүктеу жинағы 180°-қа сағат тілі бағытымен бұраңыз. Жинақты порттан шығарып алып, оны қайта өңдеңіз.



 **ЕСКЕРТПЕ:** Егер жиынтықты айналдыра алмасаңыз, плунжер толығымен енгізілмеген. 7-ші және 8-ші қадамдарды қайталаңыз. Егер жиынтықты ажырата алмасаңыз, **Бас тарту** түймесін  басқару тақтасынан басыңыз, жиынтықты алып, мұқият шайқап, әрекетті қайталаңыз.


9. Қайта жүктеу портының қақпағын жабыңыз.



Барабанды ауыстыру

барабан ауыстыру үшін


1. Сканерді көтеріңіз.




2. Жоғарғы қақпағын көтеріңіз.



3. Қолданылған барабан құралын шығарып алып, тастаңыз.



4. Қақпағын алғаннан кейін, барабанның екі құлақшасын мұқият тартқан кезде, жаңа барабан сарғылт қақпағын шешіп алыңыз.




5. Жаңа барабан өнімін шайқаңыз.
6. Жаңа барабан принтерге салыңыз.



7. Жоғарғы қақпағы төмендетіңіз.



8. Сканерді түсіріңіз.



Жабдықтарға, медиа құралдарына және бөлшектеріне тапсырыс беру

Кесте 8-1 Тапсырыс беру туралы ақпарат

Жабдықтар мен қағазға тапсырыс беру	www.hp.com/go/suresupply
Түпнұсқа HP бөлшектеріне немесе керек-жарақтарына тапсырыс беру	https://parts.hp.com
Қызмет көрсету немесе қолдау провайдерлері арқылы тапсырыс беру	HP өкілетті қызметіне немесе қолдау провайдеріне байланысыңыз.
Жалпы ақпарат	www.hp.com/support
HP ендірілген веб-серверін (EWS) қолданып тапсырыс беріңіз.	Қол жеткізу үшін, компьютердегі қолдау көрсетілетін веб-шолғышының мекенжай/URL өрісіне принтердің IP мекенжайын немесе хост атауын енгізіңіз. EWS құрамында HP компаниясының SureSupply веб-сайтына сілтеме бар, ол түпнұсқалық HP жабдықтарын сатып алу мүмкіндігін береді.

Кесте 8-2 Жабдықтар

Нөмірі	Сипаттама
HP 103A/143A Black Original Neverstop Laser тонерін қайта жүктеу жинағы	Бір тонерді қайта жүктеу жинағы
HP 103AD/143AD Dual Pack Black Original Neverstop Laser тонерін қайта жүктеу жинағы	Екі тонерді қайта жүктеу жинақтарының бумасы.
HP 104A/144A Black Original Laser барабаны	Барабанды ауыстыру

9 Ақауларды шешу

- [HP қолдау қызметі](#)
- [Басқару тақтасындағы шам үлгілерін түсіндіру](#)
- [Зауытта орнатылған әдепкі параметрлерді бастапқы қалпына келтіру](#)
- [Принтер қағазды алмайды немесе дұрыс берілмейді](#)
- [Қағаз кептелістерін жою](#)
- [Басып шығару сапасын жақсарту](#)
- [Басып шығару сапасының ақауларын шешу](#)
- [Кескінді көшірмелеу және сканерлеу сапасын жақсарту](#)
- [Сымсыз желі ақауларын шешу](#)
- [Ethernet байланыс мәселелерін шешу](#)

HP қолдау қызметі

Өнімнің соңғы жаңартулары мен қолдау туралы ақпаратты алу үшін www.support.hp.com мекенжайындағы өнімді қолдау веб-сайтына кіріңіз. HP онлайн режимінде қолдау веб-сайты принтерге қатысты түрлі қызметтерді ұсынады:



Бағдарламалық құралды және драйверлерді алу: принтер үшін қажетті бағдарламалық құралды, драйверлерді және шағын бағдарламаны жүктеп алыңыз.



Қауымдастықтан сұраңыз: шешімдерді табу, сұрақтар қою және кеңестерді бөлісу үшін қауымдастық форумдарына қосылыңыз.



HP диагностикалау құралдары: принтерді тексеріп, ұсынылатын шешімдерді табу үшін HP онлайн режиміндегі құралдарын пайдаланыңыз.

HP қолдау қызметімен хабарласу

Мәселені шешу үшін HP техникалық қолдау қызметінің өкілінен көмек қажет болса, [Қолдау қызметіне хабарласу](#) веб-сайтына кіріңіз. Келесі байланысу түрлері кепілдеме бар тұтынушылар үшін тегін (HP агентінің көрсеткен қызметі кепілдемесі жоқ тұтынушылар үшін ақылы болуы мүмкін):



HP қолдау көрсету агентімен немесе HP виртуалдық агентімен онлайн сөйлесіңіз.



HP қолдау қызметінің агентіне қоңырау шалыңыз.

HP қолдау қызметіне хабарласқан кезде, келесі ақпаратты беруге дайын болыңыз:

- өнім аты (принтерде орналасқан);
- өнім нөмірі (принтердің артындағы жапсырмада орналасқан);
- сериялық нөмірі (принтердің артқы немесе астыңғы жағында орналасқан).

Принтерді тіркеу

Тіркелу үшін бірнеше минут жұмсау арқылы жылдамырақ қызметті, тиімдірек қолдауды және өнімге қолдау көрсету ескертулерін пайдалануға болады. Бағдарламалық құралды орнату кезінде принтерді тіркемеген болсаңыз, кейінірек оны <http://www.register.hp.com> веб-сайтында тіркеуге болады.

Қосымша кепілдік параметрлері

Қосымша төлеу арқылы принтер үшін кеңейтілген қызметтік жоспарларды алуға болады. www.support.hp.com бөліміне кіріп, елді/аймақты және тілді таңдаңыз да, ұзартылған кепілдіктің принтеріңіз үшін қолжетімді опцияларын анықтаңыз.

Қосымша ақпарат

www.hp.com/support веб-торабына өтіңіз. Елді немесе аймақты таңдаңыз. Өнім атын енгізіп, **Search** (Іздеу) параметрін таңдаңыз



Төмендегілер сияқты әртүрлі тапсырмаларды орындау үшін қолжетімді нұсқаулар бар:

- принтердің ақауларын жою;
- әртүрлі қолданбалардан және түрлі құрылғылардан басып шығару;
- қолдау қызметін пайдалану.
- Жалпы фотосуретті немесе құжатты сканерлеу














Принтерден ең соңғы мүмкіндіктерін алуға көмектесетін құжаттарды, бейнелерді және басқа да көптеген ресурстарды табуға болады.

Басқару тақтасындағы шам үлгілерін түсіндіру















Кесте 9-1 Күй шамының түсіндірмесі

	"Шам жыпылықтап тұр" белгішесінің мысалы
	"Шам қосулы" белгішесінің мысалы






Кесте 9-2 Басқару тақтасының шам үлгілері

Шам күйі	Дисплейд егі код	Принтер күйі	Әрекет
Жалғастыру шамы және Бас тарту шамы қосулы. 	Go/01	Хатқалталарды немесе жапсырмаларды басып шығару үшін принтер қолмен беру режимінде.	Хатқалтаны немесе жапсырмаларды кіріс науасына салыңыз да, Жалғастыру түймесін  басыңыз. Не болмаса, ағымдағы тапсырмадан бас тарту үшін Бас тарту түймесін  басыңыз.
	Go/02	Принтер қолмен екі жақты тапсырманы өңдеп жатыр.	Екінші жағын басып шығару үшін беттерді кіріс науасына салыңыз да, Resume (Жалғастыру) түймесін  басыңыз. Не болмаса, ағымдағы тапсырмадан бас тарту үшін Бас тарту түймесін  басыңыз.
	Go/04	Принтер Google Cloud Print тіркеу туралы сұратуды қабылдады	Жалғастыру үшін Жалғастыру түймесін  немесе тоқтату үшін Бас тарту түймесін  басыңыз.
Назар аударыңыз шамы жыпылықтап тұр. Қағаз шамы, жалғастыру шамы және бас тарту шамы қосулы. 	Go/03	Кіріс науасына салынған қағаз түрі немесе өлшемі басып шығару тапсырмаларының параметрлерінде көрсетілген қағаз түрінен немесе өлшемінен өзгеше.	Кіріс науаға басып шығару тапсырмасының параметрлеріне сай келетін қағаз түрі мен өлшемін салыңыз немесе ағымдағы жүктеліп тұрған қағазбен жалғастыру үшін Жалғастыру түймесін  to continue with the басыңыз. Сонымен қатар ағымдағы тапсырманы тоқтату үшін Бас тарту түймесін  басыңыз.
Wi-Fi Direct шамы жыпылықтап тұр. Бас тарту шамы қосулы. 	Go/06	Принтер Wi-Fi Direct арқылы осы принтерге қосылу туралы сұратуды қабылдады.	Қосылу үшін Wi-Fi Direct түймесін  басыңыз немесе тоқтату үшін Бас тарту түймесін  басыңыз.







Кесте 9-2 Басқару тақтасының шам үлгілері (жалғасы)

Шам күйі	Дисплейд егі код	Принтер күйі	Әрекет
<p>Қақпағы ашық шамы қақпақ жабылмайынша жыпылықтап тұрады.</p>  <p>Жалғастыру шамы қақпақ ашылғаннан кейін жыпылықтайды.</p>  <p>Бас тарту шамы қосулы.</p> 	P2	Жеке куәлікті көшіру тапсырмасы басталды.	<p>Қақпақты ашу шамы  жыпылықтағанда, қақпақты ашыңыз және куәлікті аударып, қақпақты қайта жабыңыз, содан кейін жалғастыру үшін Жалғастыру түймесін  басыңыз. Не болмаса, ағымдағы тапсырмадан бас тарту үшін Бас тарту түймесін  басыңыз.</p>
<p>Назар аударыңыз шамы және қағаз шамы жыпылықтап тұр. Бас тарту шамы қосулы.</p> 	Er/01	Кіріс науасы бос.	<p>Ағымдағы тапсырманы тоқтату үшін Кіріс науасын жүктеңіз немесе Бас тарту түймесін  басыңыз.</p>
<p>Назар аударыңыз шамы жыпылықтап тұр.</p> 	Er/02	Есік ашық.	<p>Жоғарғы қақпағы толығымен жабық екенін тексеріңіз.</p>
<p>Назар аударыңыз шамы жыпылықтап тұр. Жалғастыру шамы, қағаз шамы және бас тарту шамы қосулы.</p> 	Er/04	Қағаз кіріс науасында кептеліп қалған.	<p>Кептелісті тазалаңыз.</p> <p>Жалғастыру үшін Resume (Жалғастыру)  түймесін басыңыз.</p>
<p>Назар аударыңыз шамы жыпылықтап тұр. Қағаз шамы және Бас тарту шамы қосулы.</p> 	Er/05	Қағаз барабан аймағында кептеліп қалған.	<p>Кептелісті тазалаңыз.</p>
<p>Тонерді ескерту шамы (тонер деңгейінің индикаторы) жыпылықтап тұр (сарғылт).</p> <p>Қайта жүктеу күй шамы (қайта жүктеу порты жанында) қосулы (ақ).</p> 	Er/08	Басып шығару үшін тонер деңгейі тым төмен.	<p>Тонерді қайта жүктеу жиынтығы арқылы тонерді қосыңыз.</p>
<p>Назар аударыңыз шамы және барабан шамы жыпылықтап тұр.</p> 	Er/09	Барабан қызмет ету мерзімінің соңына жетті және оны ауыстыру қажет.	<p>Барабанды ауыстырыңыз.</p>

Кесте 9-2 Басқару тақтасының шам үлгілері (жалғасы)

Шам күйі	Дисплейд егі код	Принтер күйі	Әрекет
Қайта жүктеу күй шамы (қайта жүктеу порты жанында) сарғылт және жылдап жыпылықтап тұр. 	Er/11	Тонерді қайта жүктеу жинағында ақау бар.	Басқа тонерді қайта жүктеу жинағын пайдаланыңыз. Тонерді қайта жүктемес бұрын, Қайта жүктеу күйі шамы  ақ түсте жанғанын күтуіңіз керек.
Назар аударыңыз шамы жыпылықтап тұр және барабан шамы қосулы. 	Er/07	Барабан жоқ немесе дұрыс орнатылмаған.	Барабанды орнатыңыз немесе қайта орнатыңыз.
	Er/12	Барабанда ақау бар.	Басқа барабанды пайдаланыңыз.
	Er/27	Тонердің деңгейін оқу ақауы бар.	Барабанды шығарып, шайқаңыз да, оны қайта орнатыңыз.
	Er/28	Барабан тығыздағышы орнында.	Барабан тығыздағыш алыңыз.
Назар аударыңыз шамы қосулы. 	Er/20	Бейнелеу барабанының сенсоры анықтаған ақау бар.	
	Er/30	Планшетті сканерде ақау бар.	Құрылғыны өшіріп, оны қосыңыз. Егер қате сақталса, HP қолдау орталығына хабарласыңыз.
	Er/36	Қағаз орамасының кептелуі.	HP қолдау қызметімен байланысыңыз. Баспа механизмге зақым келтірместен кептелісті жою үшін қызмет көрсету орталығына қоңырау шалу қажет.
	Er/50	Баспа механизмде ақау бар.	Құрылғыны өшіріп, оны қосыңыз. Егер қате сақталса, HP қолдау орталығына хабарласыңыз.
	Er/51		
	Er/52		
	Er/54		
Er/55			
Er/66	Сымсыз аппараттық құралда ақау бар.	Құрылғыны өшіріп, оны қосыңыз. Егер қате сақталса, HP қолдау орталығына хабарласыңыз.	
Қайта жүктеу күй шамы (қайта жүктеу порты жанында) сарғылт және жылдап жыпылықтап тұр. 	Er/31	Тонер деңгейі толы және принтер бұл уақытта қосымша тонерді қабылдай алмайды.	Тонерді қайта жүктемес бұрын, Тонерді қайта жүктеу жинағын алып, Қайта жүктеу күйі шамы  ақ түсте жанғанын күтіңіз.
	Er/32	Принтер, қазіргі кезде бос емес болғандықтан немесе барабанның қызмет көрсету мерзімі соңына жақын болғандықтан, қосымша тонерді қабылдай алмайды.	Тонерді қайта жүктемес бұрын, Тонерді қайта жүктеу жинағын алып, Қайта жүктеу күйі шамы  ақ түсте жанғанын күтіңіз.

Кесте 9-2 Басқару тақтасының шам үлгілері (жалғасы)

Шам күйі	Дисплейд егі код	Принтер күйі	Әрекет
	Er/33	Алдыңғы тонерді қайта жүктеу жинағы принтерде толығымен босатылмаған.	Ағымдағы тонерді қайта жүктеу жинағын шығарып алыңыз, алдыңғы тонерді қайта жүктеу жинағын қайта орнатыңыз және тонердің принтерге толығымен таратылатынына көз жеткізіңіз.
	Er/34	Қайта жүктеу портындағы тонерді қайта жүктеу жинағында ақау бар.	Тонерді қосу үшін басқа тонерді қайта жүктеу жинағын пайдаланыңыз. Тонерді қайта жүктемес бұрын, Қайта жүктеу күйі шамы  ақ түсте жанғанын күтуіңіз керек.
Тонерді ескерту шамы (тонер деңгейі индикаторында) және қайта жүктеу күйі шамы (қайта жүктеу портының жанында) сарғылт түсте жыпылықтап тұр.	Er/35	Тонерді қайта жүктеу жинағын қондыру қозғалтқышында ақау бар.	Қайта жүктеу портындағы кез келген қалдықты тазалаңыз.
			
Сымсыз шам қосулы (сарғылт) және Cancel (Бас тарту) шамы жыпылықтап тұр.	Er/61	Сымсыз WPS қосылымына әрекет жасаған кезде, қате орын алды.	Жалғастыру үшін Бас тарту түймесін  басыңыз.
			
Назар аударыңыз шамы жыпылықтап тұр және жалғастыру шамы қосулы.	Er/66	Сымсыз аппараттық құрал анықталмаған.	Сымсыз жабдықсыз жалғастыру үшін Жалғастыру түймесін  басыңыз.
			
	Er/81	Дұрыс емес шағын бағдарлама жүктелген.	Жалғастыру үшін Resume (Жалғастыру)  түймесін басыңыз. Дұрыс шағын бағдарламаны жүктеңіз.

Зауытта орнатылған әдепкі параметрлерді бастапқы қалпына келтіру

Зауытта орнатылған стандартты параметрлерді қалпына келтіру принтер және желі параметрлерінің барлығын зауыттағы стандартты параметрлерге қайтарады. Ол бет есебін қайта орнатпайды. Принтерді әдепкі зауыттық параметрлерге қалпына келтіру үшін осы қадамдарды орындаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ: Зауытта орнатылған әдепкі параметрлерді қалпына келтіру параметрлердің барлығын зауыттық әдепкі параметрлерге қайтарады.

1. HP Embedded Web Server (EWS) серверін ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін осы пайдаланушы нұсқаулығындағы ендірілген веб-сервер (EWS) бөліміне қол жеткізу және пайдалану бөлімін қараңыз.
2. **System** (Жүйе) қойындысында **Service** (Қызмет көрсету) түймесін басыңыз.
3. **Restore Defaults** (Әдепкі параметрлерді қалпына келтіру) аймағында **Restore defaults** (Әдепкі мәндерді қалпына келтіру) түймесін басыңыз.

Принтер автоматты түрде қайта іске қосады.

Принтер қағазды алмайды немесе дұрыс берілмейді

Кіріспе

Принтер кіріс науасынан қағазды алмаса немесе бір уақытта бірнеше парақ қағазды алып жатса, келесі шешімдер ақауларды шешуге көмектеседі. Осы жағдайлардың біреуі қағаз кептелісіне әкелуі мүмкін.

- [Өнім қағазды алмайды](#)
- [Өнім бірнеше қағаз парағын алады](#)

Өнім қағазды алмайды

Өнім кіріс науасынан қағазды алмайтын болса, осы шешімдерді қолданып көріңіз.

1. Өнімді ашып, кептелген қағаз парақтарды алып тастаңыз.
2. Тапсырмаға арналған қағаздың дұрыс өлшемін салыңыз.
3. Басып шығару тапсырмасын орнатқанда дұрыс қағаз өлшемін және түрін таңдағаныңызға көз жеткізіңіз.
4. Кіріс науасындағы қағаз бағыттауыштары қағаздың өлшеміне қарай дұрыс реттелгенін тексеріңіз.
5. Кіріс науасының үстіндегі роликтер ластанған болуы мүмкін. Роликтерді жылы сумен ылғалданған түксіз матамен тазалаңыз.

Өнім бірнеше қағаз парағын алады

Өнім кіріс науасынан бірнеше қағаз парағын алатын болса, осы шешімдерді қолданып көріңіз.

1. Кіріс науасынан қағаз бумасын алып тастап, оны бүктеп, 180 градусқа айналдырыңыз да, бұрыңыз. Кіріс науасына қағаздар бумасын қайтарыңыз.
2. Осы өнім үшін HP қағаз ерекшеліктеріне сай келетін қағазды ғана пайдаланыңыз.
3. Мыжылмаған, бүгілмеген немесе бүлінбеген қағазды пайдаланыңыз. Егер қажет болса, басқа бумадағы қағазды пайдаланыңыз.
4. Кіріс науасының шамадан тыс толтырылмағанын тексеріңіз. Егер солай болса, науадан қағаздар жинағын шығарыңыз, жинақты тікейтіп, кіріс науасына аздап қағаз салыңыз.
5. Кіріс науасындағы қағаз бағыттауыштары қағаздың өлшеміне қарай дұрыс реттелгенін тексеріңіз.
6. Басып шығару ортасы ұсынылған техникалық сипаттамалар шегінде болуын тексеріңіз.

Қағаз кептелістерін жою


Кіріспе

Келесі ақпарат принтердегі қағаз кептелістерін тазалау туралы нұсқауларды қамтиды.

- [Кептеліс орындары](#)
- [Жиі немесе қайталанатын қағаз кептелістері](#)
- [Кіріс науасындағы қағаз кептелістерін тазалау](#)
- [Өнім ішіндегі кептелістерді тазалау](#)
- [Шығыс аймақтарынан кептелістерді тазалау](#)

Кептеліс орындары

Кептелулер өнімдегі келесі орындарда болуы мүмкін.





1	Ішкі аймақтар
2	Шығыс науасы
3	Кіріс науасы




ЕСКЕРТПЕ: Кептелістер бірнеше жерде болуы мүмкін.


Жиі немесе қайталанатын қағаз кептелістері



Жиі қағаз кептелістері бар мәселелерді шешу үшін мына қадамдарды орындаңыз. Егер бірінші қадам мәселені шешпесе, мәселені шешкенше келесі қадамды жалғастырыңыз.

1. Егер принтерде қағаз кептелсе, кептелісті тазалап, принтерді тексеру үшін конфигурация бетін басып шығарыңыз.
2. Кіріс науасының дұрыс қағаз өлшемі мен түрі үшін конфигурацияланғанын тексеріңіз. Қажет болса, қағаз параметрлерін реттеңіз.
 - a. IP мекенжайын немесе хост атын анықтау үшін конфигурация бетін басып шығарыңыз.
 - i. Жалғастыру түймесін  кемінде үш секунд басып тұрыңыз.
 - ii. Resume (Жалғастыру) түймесін  босатыңыз
 - ә. Веб-шолғышты ашыңыз және мекенжай жолына IP мекенжайын немесе хост атауын принтердің конфигурация бетінде көрсетілгендей етіп енгізіңіз. Компьютер пернетақтасында Enter пернесін басыңыз. Ендірілген веб-сервер ашылады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Веб-шолғыш веб-сайтқа кіру қауіпсіз болмауы мүмкін екенін көрсететін хабарды беретін болса, веб-сайтқа өту үшін опцияны таңдаңыз. Бұл веб-сайтқа кіру компьютерге зиян келтірмейді.

- b. **System** (Жүйе) қойындысын басып, **Paper Setup** (Қағазды орнату) бетін басыңыз.
- в. **1-науа түрі** ашылмалы мәзірінен кіріс науасындағы қағаз түрін таңдаңыз.
- г. **1-өлшем түрі** ашылмалы мәзірінен кіріс науасындағы қағаз өлшемін таңдаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Сондай-ақ **Default Paper Type** (Әдепкі қағаз түрі) және **Default Paper Size** (Әдепкі қағаз өлшемі) параметрлерін сіз жиі қолданатын қағазды сәйкестендіру үшін әдепкі параметрлерді өзгерту мақсатында пайдалануға болады.

3. Принтерді өшіріп, 30 секунд күтіңіз де, оны қайтадан қосыңыз.
4. Принтерді сынақтан өткізу үшін конфигурация бетін басып шығарыңыз.
 - a. Жалғастыру түймесін  кемінде үш секунд басып тұрыңыз.
 - ә. Resume (Жалғастыру) түймесін  босатыңыз

Егер осы қадамдардың ешқайсысы ақаулықты жоймаса, принтерге қызмет көрсету қажет болуы мүмкін. HP тұтынушыларды қолдау қызметімен байланысыңыз.


Кіріс науасындағы қағаз кептелістерін тазалау

⚠ ЕСКЕРТУ: Кептелістерді алу үшін қысқаштар немесе сүйір атауыздар сияқты өткір заттарды пайдаланбаңыз. Өткір заттардан туындаған зақым кепілдемеде қамтылмауы мүмкін.


Кептелген медиа құралын алған кезде кептілген медиа құралын өнімнен тікелей тартып шығармаңыз. Кептелген медиа құралын өнімнен бұрышымен тартып шығарып алу өнімге зақым келтіруі мүмкін.

📝 ЕСКЕРТПЕ: Кептеліс орналасқан орынға байланысты келесі қадамдардың кейбірінің қажет болмауы мүмкін.

1. Сканерді көтеріңіз.




2. Жоғарғы қақпағы көтеріп, барабан шығарып алыңыз.




⚠ ЕСКЕРТУ: Зақымға жол бермеу үшін барабан жарыққа шығармаңыз. Оны қағаз бөлігімен жабыңыз.


3. Медиа құралы бумасын кіріс науасынан шығарып алыңыз.



4. Ең жақсы көрінетін (бұл ортасын қамтиды) кептелген медиа құралының бүйірінен екі қолыңызбен ұстап, оны абайлап өнімнен еркін шығарып алыңыз.



5. барабан қайта орнатып, одан кейін жоғарғы қақпағы түсіріңіз.




Өнім ішіндегі кептелістерді тазалау



⚠ ЕСКЕРТУ: Кептелістерді алу үшін қысқаштар немесе сүйір атауыздар сияқты өткір заттарды пайдаланбаңыз. Өткір заттардан туындаған зақым кепілдемеде қамтылмауы мүмкін.

Кептелген медиа құралын алған кезде, кептілген медиа құралын өнімнен тікелей тартып шығармаңыз. Кептелген медиа құралын өнімнен бұрышымен тартып шығарып алу өнімге зақым келтіруі мүмкін.

1. Сканерді көтеріңіз.



2. Жоғарғы қақпағы көтеріп, барабан шығарып алыңыз.



⚠ ЕСКЕРТУ: Зақымға жол бермеу үшін барабан жарыққа шығармаңыз. Оны қағаз бөлігімен жабыңыз.


3. Кептелген қағазды көретін болсаңыз, кептелген қағазды мұқият ұстап, өнімнен тартып шығарып алыңыз.



4. барабан қайта орнатып, одан кейін жоғарғы қақпағы түсіріңіз.




5. Сканерді түсіріңіз.




Шығыс аймақтарынан кептелістерді тазалау

⚠ ЕСКЕРТУ: Кептелістерді алу үшін қысқаштар немесе сүйір атауыздар сияқты өткір заттарды пайдаланбаңыз. Өткір заттардан туындаған зақым кепілдемеде қамтылмауы мүмкін.


1. Сканерді көтеріңіз.



2. Шығыс науасында кептелген қағазды абайлап ұстап, жайлап принтерден тартып шығарып алыңыз.



3. Сканерді түсіріңіз.



Басып шығару сапасын жақсарту

- [Кіріспе](#)
- [Құжатты қайта басып шығару](#)
- [Тонер деңгейін тексеру](#)
- [Принтердің шағын бағдарламасын жаңарту](#)
- [Әртүрлі бағдарламалық құралдан басып шығару](#)
- [Баспа тапсырмасының қағаз түрін және баспа сапасының параметрлерін тексеру](#)
- [Барабанды көзбен тексеріп шығу](#)
- [Қағазды және басып шығару ортасын тексеру](#)
- [Басып шығару тығыздығын реттеу](#)

Кіріспе

Ластанулар, жолақтар, тонердің жетіспеуі және т.б. сияқты баспа сапасының ақауларының белгілі бір себептеріне қарамастан жиі бірдей қадамдар арқылы шешілуі мүмкін. Баспа сапасының мәселелерін шешу үшін бастапқы нүкте ретінде ұсынылған ретпен келесі қадамдарды орындап көріңіз.

Арнайы кескін ақауларын шешу туралы ақпарат алу үшін осы пайдаланушы нұсқаулығындағы «Баспа сапасының мәселелерін шешу» бөлімін қараңыз.

Құжатты қайта басып шығару

Құжатты қайта басып шығарыңыз. Баспа сапасының ақаулары табиғатта үзіліспен берілуі мүмкін немесе басып шығаруды жалғастыру арқылы толығымен жойылып кетуі мүмкін.

Тонер деңгейін тексеру

Егер тонер деңгейі төмен болса, тонерді қайта жүктеңіз. Қосымша ақпарат алу үшін осы Пайдаланушы нұсқаулығындағы «Тонер деңгейін тексеру» бөлімін қараңыз.

Принтердің шағын бағдарламасын жаңарту

Принтердің шағын бағдарламасын жаңартып көріңіз. Қосымша ақпарат алу үшін осы пайдаланушы нұсқаулығындағы «Шағын бағдарламаны жаңарту» бөлімін қараңыз.

Әртүрлі бағдарламалық құралдан басып шығару


Әртүрлі бағдарламалық құралдан басып шығарып көріңіз. Егер бет дұрыс басып шығарылса, мәселе сіз басып шығару үшін қолданатын бағдарламалық құралда болғаны.

Баспа тапсырмасының қағаз түрін және баспа сапасының параметрлерін тексеру


Бағдарламалық құралдан басып шығарған және басып шығарылған беттерде ластану, анық немесе қоңыр басып шығару, ширатылған қағаз, тонер шашыраған нүктелері, бекітілмеген тонер немесе тонер жағылған кішігірім аймақтар белгілері болса, қағаз түрі мен баспа сапасының параметрлерін тексеріңіз. Қағар түрі параметрі принтерге салынған қағаз түріне сәйкес келетінін тексеріңіз.

Принтерге жүктелген қағаз түрін тексеру

1. Кіріс науасы қақпағын алып тастаңыз.



2. Кіріс науасына дұрыс қағаз түрі жүктелгенін тексеріңіз.
3. Кіріс науасының қақпағын қайта орнатыңыз.



Қағаз түрі мен баспа сапасының параметрлерін тексеру (Windows)

1. Бағдарламалық құралдан **Print** (Басып шығару) опциясын таңдаңыз.
2. Принтерді таңдап, **Properties** (Сипаттар) немесе **Preferences** (Артықшылықтар) түймесін басыңыз.
3. **Paper/Quality** (Қағаз/Сапа) қойындысын басыңыз.
4. Қолжетімді қағаз түрлерін көру үшін **Paper Type** (Қағаз түрі) опциясын кеңейтіңіз.
5. Қолданылатын қағаз түріне арналған параметрді таңдаңыз.
6. **Print Quality** (Басып шығару сапасы) ашылмалы тізімінен опцияны таңдаңыз. Жылдамырақ басып шығару және сияны үнемдеу үшін төменірек сапаны немесе анығырақ нәтижелерді алу үшін жоғарырақ сапаны таңдаңыз.
